

ТӨЛЕНДІ
АРЫСТАНБЕКОВ

ТОБЫЛДЫҢ ТОЛҚЫНДАРЫ



Төленді АРЫСТАНБЕКОВ

ТОБЫЛДЫҢ ТОЛҚЫНДАРЫ

(Өлеңдер)



Алматы – 2023

ӘӘЖ 821.512.122
КБЖ 84 (5Қаз)
А 86

Арыстанбеков Т.

ТОБЫЛДЫҢ ТОЛҚЫҢДАРЫ /Өлеңдер/. Төленді
Арыстанбеков. Алматы: «Arshyn» баспасы, 2023. — 108 бет.

ISBN 978-601-7560-24-9

Бұл кітапқа саналы ғұмырын елінің экономикалық жағынан өркендеуіне арнаған, бас есепші, аудитор, айтыскер және жазба ақын Төленді Арыстанбековтың әр жылдары түрлі тақырыпта жазған таңдамалы өлеңдері енгізілген. Туған жер мен ұшқан ұяны, адамгершілік пен ізгілік қасиетті, машақатты уақыт пен махаббатқа толы шақтарды тебірене толғаған ақын жырларының ұрпаққа берер тағылымы мен ғибраты мол.

Кітап барша оқырман қауымға арналады.

ӘӘЖ 821.512.122
КБЖ 84 (5Қаз)

ISBN 978-601-7560-24-9

© Арыстанбеков Т., 2023
© «Arshyn» баспасы, 2023

ТӨЛЕНДІ
АРЫСТАНБЕКОВ

ТОБЫЛДЫҢ
ТОЛҚЫНДАРЫ

(Өлеңдер)



Төленді Арыстанбеков — 1939 жылдың 15 тамызында Қостанай облысы Қарабалық ауданының Бірлік ауылында дүниеге келген. 1959 жылы Торғайдағы Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектепті бітірген.

1961 жылы Қостанай ауыл шаруашылығы техникумын, одан кейін Алматы халық шаруашылығы институтын тәмәмдап, «экономист-бухгалтер» мамандығын алып шыққан.

1964-1965 жылдары С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде дәріс алған.

Ғұмырының соңына дейін 36 жыл бойы Қостанай және Торғай облыстарында бірнеше ауыл шаруашылық мекемелерінде бас экономист, бас бухгалтер қызметтерін атқарды.

1996 жылы тәуелсіз «Қостанай-Факторинг» аудиторлық фирмасын ұйымдастырып, дәм-тұзы таусылғанша соның бас директоры болды. Қазақстан Республикасы Аудиторлар палатасының толық мүшесі.

Қолда бар ақпарат бойынша Төленді Арыстанбеков кезінде қайырымдылықпен де айналысқан. Қала мешіттерінің біріне демеушілік жасап, фирма атынан тегін қызмет көрсеткен.

Төленді Арыстанбекұлы талантты ақын еді. Жас кезінде есеп-қисап саласында жұмыс істегендіктен, өлең жазуға уақыты жеткілікті бола қоймады.

Сол себептен ақындық өнерді кейінгі жылдары ғана қолына алған. Шығармалары облыстық, республикалық бапасөз беттерінде жарық көріп тұрды. Бес жүзден астам өлеңнің авторы. Кезінде аудандық, облыстық ақындар айтысына қатысып, жүлдегер атанды. Еңбек ардагері.

Төкең зайыбы Елена Хамитқызы екеуі жеті бала тәрбиелеп өсірді. Балаларының бәрі де жоғары оқу орындарын бітіріп өз алдарына отау тігіп, жақсы қызметтер атқарып жүр.

Үлкен ұлы Бақыт Украинаның Полтава педагогика институтын бітірген. Қазір Қостанайда мектеп директоры, Дәурен деген ұлы Целиноград ауыл шаруашылық институтын тәмамдаған, ауылшаруашылық саласында агроном, Исламбегі Ресейдің М.Ломоносов атындағы Мәскеу университетін, Мәскеудің Халықаралық дипломатиялық академиясын бітірді, біраз жылдары Сыртқы істер министрлігінде және Елшілікте қызмет жасады. Мира атты қызы Алматының экономика және статистика институтын бітірген, жеке кәсіпкер, Қайырбегі Қарағанды мемлекеттік университетін (заңгер), Анкара университеті шет тілдер орталығын және Мәскеудің экономика институтын бітірген, заң ғылымдарының кандидаты, экономика ғылымдарының докторы, Президент жанындағы Ұлттық құрылтай мүшесі, Базаркүлі Қостанай мемлекеттік университетін, Қостанайдағы экономика және бизнес институтын бітірген, облыстық филармония директорының орынбасары, ал кенжесі Жәнібек Қостанай мемлекеттік университеті, Алматының экономика және статистика институтын бітірген, қазір өзінің жеке кәсібімен айналысады.

Балаларының бәрі өз алдына отау болып, ха-

лыққа пайдалы қызметтер атқаратын Төкең мен жұбайы Елена балаларынан немере және шөбере көрген бақытты жандар.

Төленді Арыстанбекұлы 2002 жылдың 16 қарашасында дүниеден озды.



ҚЫЗДАЙ СҰЛУ ҚОСТАНАЙ, ЖАСА МӘҢГІ!

Құтты болсын, тойыңыз туған қалам,
Құлпырып сән-салтанат құрған қалам.
Тербеткендей болдың-ау тал бесікте,
Жаныма шуақ құйып нұрдан маған.

Бар әлем сенде бүгін, бақтар да әсем,
Мен сенсіз дүниеге мақтанбас ем.
Әлемге Қостанай деп ән саламын,
Жүз жиырма жасқа толып жатқанда сен.

Жаныма сен жақынсың, жасыл қалам,
Сырың көп әлі маған ашылмаған.
Сен менің басқа қонған бақытымсың,
Әр тасың жерде жатқан асыл маған.

Өзіңсің мәңгі көктем, сұлу қалам,
Арман ғой саған ұқсап тұру маған.
Теңіздің ортасында тұрам десең,
Тобылды қиын емес бұру маған.

Күн сайын арайланып таң атуда,
Тұрғандай бақыт кілті қолда тура.
Қостанай, Алматыдай болғың келсе,
Дайынмын бір Алатау орнатуға.

О, менің баға жетпес алтын қалам,
Алтындай көрінеді халқың маған.
Жастарың да көп екен жалын атып,
Отындай найзағайдың жарқылдаған.

Самға бүгін, биікке шық қыраным,
Самғауменен сырымды ұқтырамын.
Қостанайға көлеңкем аз түссін деп,
Тал түсте де тікемнен тік тұрамын.

Төрің түгіл пір тұтам босағанды.
Қуанышты той ғой бұл аса мәнді.
Ғасырларды арқалап иығыңмен,
Қыздай сұлу Қостанай, жаса мәңгі!



ҚОСТАНАЙ, БІР ӨЗІҢЕ МАХАББАТЫМ

Өзіңсің - бар бақытым, бақ-талабым,
Мен сенде туғаным мақтанамын.
Қуанып елден бұрын жырлау үшін,
Таласып ақын деген атты аламын.

Сергекпін, сен дегенде ояу балаң,
Еліңді сүй, деп еді аяулы анам.
Орындап келем осы ақ тілекті,
Күндерім көп болса да жаяулаған.

Аңсаған армандарға жетсем бе екен,
Тобылдан толқындатып өтсем бе екен.
Сәніңе сенің әсем сән қосылсын,
Гүлің боп қызыл-жасыл кетсем бе екен.

О, менің сұлу өлкем, сан аунаған,
Ерекше қасиетің бар-ау маған.
Сен тіпті, қуаттырақ болу үшін,
Отыңмен от боп бірге алаулағам.

Алтын ғой Қостанайдың ақ астығы,
Ақ астық молшылыққа жанастырды.
Қашаннан Қостанайдың бас байлығы,
Халықтың татулығы, жарастығы.

«Қостанай!» деген дауысым жетер ме екен,
Таулардан, дариядан... өтер ме екен.
Өзіңе деген менің пәк сезімім,
Өзіммен бірге мәңгі кетер ме екен?!

ӨТТІ КҮНДЕР АЯЛАҒАН ТӘТТІ АРМАН

Өтті күндер аялаған тәтті арман,
Бұлбұл үні тамылжыған бақтардан.
Өтті күндер бәрін дос деп түсініп,
Қалдырмастан жан сырымды ақтарған.

Өтті күндер сұлулықпен табысқан,
Енді бүгін қол бұлғайды алыстан.
Тек есімнен кетер емес бір күнім,
Жігіт болып қызбен алғаш танысқан.

Өтті күндер теңіз болып тасыған,
Тасығанмен қыз алдында басылғам.
Қимастықпен сол күндерді еске алып,
Мен ертеңгі болашаққа асығам.

Өтті күндер жақсылықпен жанасқан,
Сен де нұрлы, мөлдір едің ақ аспан.
Өтті күндер қыздарға да таласқан,
Қызық екен соның бәрі жарасқан.

Өтті күндер атқан талай ақ таңдар,
Тәтті еді ғой сүйіскенде татқан бал.
Шын махаббат алдамайды ешкімді,
Махаббатты аялаңдар, сақтаңдар.

Өткен күнге куә шығар айлы аспан,
Жүрдік біздер шат-күлкіге тоймастан.
Өтті күндер ару қызды аймалап,
Құшақтап ек қайта-қайта қимастан.

Ол күндерім келмес енді оралып,
Қоштасайын сәлемдесіп, қол алып.
Ғасырымның биігінде мен тұрмын,
Тағы бір таң келе жатыр ағарып.

Өткен күндер көрінесің мұнартып,
Жаңа күнім өткен күннен мың артық.
Байлық, бақыт тіршілікке жетпейді,
О, тіршілік! Қойдың мені құмартып.



КӨҢІЛІМІЗ КЕҢ БОЛСЫН

Ай да, Күн де кең аспанды бөлмелеп,
Биіктікке ұмтылып жүр өрмелеп.
Шетсіз, шексіз жатырсың-ау бір әлем,
Мен ойладым бар кеңдікті сенде деп.

Жақсы дейді, дүниені кең дейді,
Тіршіліктің тыныштығын бөлмейді.
Бөлгендері орта жолда сүрінер,
Бөлмегені мәңгі-бақи өлмейді.

Кеңдігіне не жетеді даланың,
О, кең дала! Кеңдігіңді санадым.
Жаманға да, жақсыға да бірдейсің,
Кейде соған мен ренжіп қаламын.

Кеңдік деген - бақыт шығар мен күткен,
Кең болмаса, ел кетеді елдіктен.
Әрқашанда көңіліміз кең болсын,
Құдай бізді айырмасын кеңдіктен!



БОЙЫМДА КҮШ ПЕН ҚУАТ БАР

Бойымда күшім де бар, қуатым бар,
Қуатым бар, сенбесең сынатыңдар.
Жырлар менің кеудеме сыймай жатыр,
Қайдасыңдар ақынды ұғатындар.

Болған жақсы бойда күш-қуаттылық,
Қуат бәрін тастайды лақтырып.
Қуат бер деп ертеде кемпір мен шал,
Сұрайды екен тағдырдан жылап тұрып.

Кеудемізді күш сыймай ашып жүрміз,
Керегінде шеткері қашып жүрміз.
Кейде дұрыс қуатты пайдаланбай,
Оңды-солды далаға шашып жүрміз.

Жайылса екен кең болып дастарқаным,
Дастарқаннан қонаққа бас тартармын.
Қандай жұмыс болса да күшім барда,
Еңбек етіп шығарам тас-талқанын.



СЕН АРҚЫЛЫ МЕН ӨТКЕНДІ ТАНЫДЫМ

Уа, Тарих! Ең жақыным сен бе екен,
Бір сен үшін өлең жазып көлдетем.
Дүниеде толып жатыр ғылымдар...
Бірақ оның ең үлкені сен бе екен!

Сен арқылы мен өткенді таныдым,
Бір сен үшін бойымдағы жалыным.
Студент боп сенің құдым жолыңды,
Жанғаны деп білем оны бағымның.

«Тарихшы» деген ертең атты алам,
Жырларым бар саған арнап сақтаған.
Мен - қазақпын, қазақ деген елімнің,
Тарихшысы болғанымға мақтанам.



ЖЕҢІС КҮНІНЕ

Кеудемде менің бар еді көптен бір ұшқын,
Қанатым болса қайта шолар ем жер үстін.
Соғысқа кеткен хабарсыз әкем келердей,
Сен келген сайын елеңдеп жүрем Жеңіс күн!

Бір кіндіктен жоқ еді менің ағам да,
Сырымды ашқан қиындау болды маған да.
Әкемнің жүзін бір көру еді арманым,
Тау менен тасты қайта қопарсам табам ба?!

Зулаған жүйткіп өткен күндерде жоқ белгі,
Күндерім менің әкемді күткен өтпеді...
Жеңіс күн, бізге жыл сайын келіп тұрасың,
Әкемнен хабар әкелсең маған көп пе еді.

Ұлы Жеңіс! Түспеді ме әкем көзіңе?
Жолықпадың ба қансырап жатқан кезіне?
Шүкірлік етем шалдардың кейде сөзіне,
Әкеңнен аумай ұқсайсың десе өзіме.

Қиындықтардың жасымнан көрдім талайын,
«Жанашыр» деген аз болды бізде ағайын.
Бақытын іздеп анам да кетті бір күні,
Бастағы мұңның қайбірін досым шағайын.

Сол күні жалғыз үйімде ұзақ отырдым,
Тілеуін тілеп әлсіреп жанған отымның.
Балалық жасап өмірден сонша түңіліп,
Жарық дүниеге келгеніме де өкіндім.

Әлі есімде... қуанттың сонда, Жеңіс күн!
Көзіміз көрді шаттыққа толған жер үстін.
Талабым ба екен, жарадым ба екен қатарға,
Жақсылықтардың бәрін де бірдей бөлістім.

Құлпырды дала қызғалдақ толы көктемдей,
Қуаныш деген кетеді екен-ау, шектелмей.
Болмасын соғыс, бақытты болсын балалар,
Әкесін іздеп алаң болмасын нақ мендей.

Анамдай көрем ана сүтіндей бұлақты,
Әкемдей көрем жылылық көрсем шуақты.
Етектен ұстап еркелеп өскен кей бала,
Әкенің қадірін мүлде білмейтін сияқты.

Қайдансың десең, Қостанай деген жерденмін,
Жеңіс күнін құттықтау үшін келгенмін.
Боздақ боп кеткен ерлердің даңқы өшпесін,
Жасай бер сен де Отанды қорғап жеңген күн!



ТАЛАЙ СЫР ЖАТЫР АШЫЛМАЙ

Дариядай толқып тассыппын,
Қай жаққа сонша асықтым?
Сырым бар бүгін айтатын,
Дүбірлі тойды көп көргем,
Басымнан бәрін өткергем.

Сәби едім-ау онда мен,
Бір жасқа да толмап-ем.
Еңбектеуді қойдым да,
Қаз-қаз басып тұра алдым.
Алғаш сонда қуандым.

Құштарлық болар білімге,
Сәл ерте шықты тілім де,
Жеті жасымда мектептен,
«Оқушы» деген атты алдым,
Оған да үлкен мақтандым.

Қанатын жайып көңілім,
Жалғаса берді өмірім.
Атқа да шауып бір кезде,
Жүлдегер бала атандым,
Аталардан бата алдым.

Он жеті жасқа толғанда,
Мамыр мен маусым болғанда.
Сұлулыққа құмартып,
Өз-өзінен дір етті,
Қайтерсің мына жүректі.

Мен қашан жігіт болам деп,
Айдыңға қашан қонам деп,
Қызығып ару қыздардың,
Қарадым мөлдір көзіне,
Обал жоқ менің өзіме.

Ғашық та болдым мен талай,
Жүрсе де болмай жол талай.
Намыс дегенің от болып,
Қыздарға талас көп болып,
Таяқ та жедім бірталай.

Жиын-тойларды сәнді еттім,
Аспанға шырқап әндеттім.
Қыздарға сөйтіп ұнапшыз.
Сұлулар қанша болғанмен,
Бетпе-бет келсең арманмен,
Бұйырады екен бір-ақ қыз.

Сол қызға жүрек ұсынып,
Келін қып үйге түсіріп,
Тыңдырған осы бір ісім...
Басыма қонып алтын бақ,
Еңбегім жанып қарқындап,
Ілгері басты жұмысым.

Балалы болып балқыдым.
Асыл жар сүйіп шалқыдым,
Армандар еді-ау аңсаған.
Береді дейді бергенге,
Пайғамбар жасқа келгенде,
Шүкірлік етем мен соған.

Дастарқаным кең болды,
Терезем жұртпен тең болды,
Құдайдың бұл да бергені.
Жақсымен ғана жанастым,
Шындықты айтып таластым,
Артымнан өсек ермеді.

Таудай болып талабым,
Тек алға қарай ұштық біз.
Қолын алып ағаның,
Үлкенді сыйлап өстік біз.
Өмірге менің өкпем жоқ,
Еңбегім зая кеткен жоқ.

Жарқ ете қалған асылдай,
Ентігіміз басылмай,
Бәйгені біз де алғанбыз.
Топты да талай жарғанбыз.
Осындай едік, осындай...
Талай сыр жатыр ашылмай.



АЛПЫС ҮШ ЖАСЫМ МЕНІҢ, ҚОШ КЕЛДІҢ БЕ?

О, менің алпыс үшім, қош келдің бе?
Жан едім бала жастан өскен бірге.
Өзіңе жетпеген бар, жеткен де бар,
Келемін аман-есен көшпен бірге.

Алпыс үш! Мен асатын белеспісің?
Сырымды саған айтар ел естісін.
Жасы деп пайғамбардың қадірлейтін,
Қашаннан елеулі жас емеспісің.

Байқасам, өмір жайлап өтетіндей,
Күн қайда, топтан озып кететіндей.
Алпыс үш, бәрімізге арман едің,
Қолымыз барлығына жететіндей.

Сен маған қол қусырып жатпа дедің,
Заңдарын шапағаттың жатта дедің.
Серісі Қостанайдың болармын ба,
Бәйгеге тұлпарыңдай бапта дедің.

Құранда көрсетілген жолымыз бар,
Біріңмен-бірің тату болыңыздар.
Тезірек зейнетақы алу үшін,
Алдымен алпыс үшке толығыңдар!

Күлімдеп оң қабағын ашты аспаным,
Алпыс үш! Саған жетіп асқақтадым.
Зейнеткерлер қатары аман болып,
Қайырлы құтты болғай достасқаным.

АЛПЫС ЖАС, АРМАН ЕДІҢ, МЕН АҢСАҒАН

Алпыс жас! Қадіріңді ұға алдым ба?
Алдыңнан қарсы алуға шыға алдым ба?
Мен үшін алпысыншы көктем келді,
Бақыттар тағы күтіп тұр алдымда.

Күндерім, о күндерім өткен менің,
Қамалдың талай бұзған өткелдерін.
Қашанда қатарымнан кем болмадым,
Сыйлады талай сұлу көктемдерін.

Әрқашан жақсылықпен жанасатын,
Бар еді бір кісідей парасатым.
Оқыдым мектептерде үздік болып,
Сырымнан қыздың бәрі таласатын.

Ақындық өнерім де өрлеп еді,
Талантым кеңге құлаш сермеп еді.
Жерім жоқ ата-анама тіл тигізген,
Мені ешкім кейін тұр деп көрмеп еді.

Сайратып жүрегімнің ән-құстарын,
Жастықтың ақ жалынын қалғытпадым.
Қайнаған еңбекте де алда болып,
Көп алдым үлкендердің алғыстарын.

Тіледім жақсы тілек айлы аспаннан,
Тағдырым деді маған «ойлас балам».
Көркі боп талай кештің отыратын,
О, менің күндерім-ай, той бастаған.

Кім тойған қызығына бала шақтың?
Сенен де алам бәйгемді болашақ күн.
Жүлде алып талай-талай айтыстарда,
Оқ бойы ақындардан оза шаптым.

Мендегі ашылмады-ау, өнер, бағың,
Халқыма мен де бәрін бере алмадым.
Тағы бір өкінішім өмірдегі,
Әкемнің алтын жүзін көре алмадым.

Ақын боп жинағы бар атанбадым,
Бірақ та, бәрібір мен қатардамын.
Артықтау басқалардан бір бақытым,
Аты шулы Нұрханнан бата алғаным.

Алпыс жас! Сен бе екенсің жаңа дастан?
Құлпырып, арайланып барады аспан.
Ең бақытты күндерім шығар менің,
Сырбай менен Ғафумен араласқан.

Алпыс жас! Керек шығар қыран саған,
Бой бермей сонда да мен бір ән салам.
Көтеріп мені көкке жатырсыңдар,
Уа, халқым қостанайлық, жыр аңсаған.

Алпыс жас! Дос болуға лайықпыз,
Оңаша сырласуға шығайық біз.
Аман боп, әрқашанда азаматтар,
Тойларда кездесетін болайық біз,

Шабытым тағы мені алға ұшырды,
Бір сұлу арайланған таңды ұсынды.

Бәріңе, бауырларым, басымды иіп,
Айтамын мың қайтара алғысымды.

Алпыс жас! Жүрем сені мақтан қылып,
Жанымды жібердің-ау шаттандырып.
Бетке алып жетпіс жаққа мен ұшайын,
Қыздай ғып шығарып сал аттандырып.



ТОЙДА БҮГІН ҚЫЗДАР КӨП

Тойда бүгін арман көп, үміттер көп,
Тойда бүгін байқаймын жігіттер көп.
Дайындалып оларға қыздар отыр,
Жігіт болсаң «алдыма шығып көр» деп.

Тойда бүгін қыздар да көп сияқты,
Жалт қараған жанары оқ сияқты.
Құшақтасып билеп жүр жұбын жазбай,
Арманы екі жастың жоқ сияқты.

Қыз жүрегі бір үміт күтті ме екен?
Жігіт сыры аузынан шықты ма екен?
Қайта-қайта сүйісті қос еріндер,
О, шіркін-ай! Бір-бірін ұқты ма екен?

Жету үшін бақытқа таласыңдар,
Қыздар, сендер ертеңгі анасыңдар.
Махаббаттың заңдарын аттамаңдар,
Обалына әйтпесе қаласыңдар.

Қайда жігіт? Тыңдайтын қайда қыздар?
Айтқанымды ақыл деп ойлаңыздар.
Көңілдерің жарасса - үйленіңдер,
Содан кейін мәңгілік тойлаңыздар.

АРУ МАЙ!

Қазағымның көк байрақты туындай,
Ақ бұлақтың мөлдір, таза суындай.
Дүниені нұрға малып, жайнатып,
Қош келдің бе, сағындырған сұлу Май!

Қыз келбетін көрем сенен, сұлу Май,
Сондықтан да саған сенем, сұлу Май!
Ару Май мен ару Көктем екеуі,
Құшақтасып келе жатқан сұлудай.

Қуанышын ала келдің әр үйдің,
Күлкісін де ала келдің сәбидің.
Жүрген жерің татулық пен ынтымақ,
Жанарыңнан соның бәрін танимын.

Бақыт құсы аспаныңда самғады,
Өзің берген қуанышты жалғады.
Менің дағы бүкіл әлем елімен,
Терезем тең тәуелсіздік алғалы.

Сені көріп мен ерекше сезінем,
Сені сүйген сонау жастық кезімнен.
Жігіттер бар қазақта да нар қасқа,
Қыздар да бар айнымаған өзіңнен.

Көңіл таза, сен дегенде ақ қардай,
Бар бақытын елім бүгін тапқандай.
Қостанайдың өндірісі өркендеп,
Даласына астық сыймай жатқандай.

Шаттық шіркін көңілімде толып тұр,
Бірақ сенен бір өтініш болып тұр:
Жаны жайсаң қазақ деген халқымды,
Елден бұрын жақсылыққа жолықтыр.



ҚОСТАНАЙДЫҢ АҚҚУ АРУ ҚЫЗЫНА

Мариям Кәкімжанова апайға

Қызығып самғап ұшқан құстарға көп,
Бар бақыт соларда деп ұқсам керек.
Армысың, Қостанайдың аққу қызы!
Қуанып жатырсың ба, тоқсанға кеп.

Әр күні Қостанайдың арайлы күн,
Аққудың дыбысындай тарайды үнің.
Аспанда ұзағырақ ұштың ба екен,
Жатқандай сені күтіп ақ айдының.

Бетіңнен сүйөші еді келген бетте,
Тобылдың самал желі өзгермеп пе?
Бір қосқан ақын жырын, аққу әнін
Ойлаушы ек Сізді, тіпті сазгер деп те.

Таппадым сіздей ару жер бетінен,
Жылылық төгілуші ед келбетіңнен.
Биіктеп онан сайын бара жатсың,
Халықтың сізге деген құрметімен.

Таза еді, мөлдір еді жаның қандай!
Ерекше шуақ нұрға малынғандай.
Адал жар, қыз қылығы, жібек мінез,
Өзіңнен бәрі-бәрі табылғандай.

Бойыңнан жырға толы бұлақ ағып,
Үлкенге жол беруші ең тұра қалып.
Шіркін-ай, туар ма екен ондай күндер?
Өзіңді қайта әкелсе, сұрап алып.

Қыран боп кетуші едің - дала көрсең,
Ана боп кетуші едің - бала көрсең.
Үйреткен адал еңбек, жақсылықты,
Өзіңдей бұйырмасын, дана көрсем.

Көрсеткен сұлулықтың бар үлгісін,
Аққудай айдындағы арумысың?
Қазақтың бақытына жаралдың ба,
Қыздарын Қостанайдың тану үшін.

Ардақтап ақын деген атты бөлек,
Еліңді қуанышқа жатсың бөлеп.
Асыл жар, ақ айдынға құштар болсам,
Ойлаймын мен өзіңе тарттым ба деп.

Сеніңіз - үмітіңді ақтау үшін,
Сеніңіз - жырыңызды жаттау үшін.
Бүкіл ел тойыңызды тойлап жатыр,
Есінде мәңгі сізді сақтау үшін.

Аққу мен аққу қыздар мақтанышым!
Аққулар жаралған ғой атпау үшін.
Қарсы алып ол тойды да өткіземіз,
Жүз жасқа құтты болсын аттанысың.

МҰХТАР АҒА

Қазақ үшін ең бақытты күн бүгін,
Ағыл-тегіл ағылғандай жыр бүгін.
Қайта оралып Мұхтар аға ғасыры,
Қуанғаннан желкілдейді түндігім.

Танымастай елім жатыр жаңарып,
Дархан далам толып тұрған даналық.
Абай, Мұхтар даналар боп саналып,
Дүниеге аты кетті таралып.

Тек Мұхаңа жарасады ұлылық,
Шуағына жүрміз біздер жылынып.
Сен танитын қазақ деген халыққа,
Бүкіл әлем жалт қарады бұрылып.

Бәрі сонда ізгілік пен кісілік,
Қуанамыз соның бәрін түсініп.
Төреқұлдың Шыңғысындай талантты,
Өз қолыңнан жібердіңіз ұшырып.

Манас жырын сен болмасаң білмес ем,
Сен арқылы өткен күнмен тілдесем.
Әдебиет әлемінде аспандап,
Жұлдыз болып жарқылдайсың күнде сен.

Өзің едің баптай білген тұлпарын,
Өзің едің сақтай білген сұңқарын.
Сен едің ғой асылдардың асылы,
Сені мәңгі ұмытпайды ұрпағың.

Мұхтар аға! Келбетің де келген-ау,
Үйіп-төгіп бәрін саған берген-ау.
Талант, білім, дарынды да мол берген,
Бәрі-бәрі қасиетті жерден-ау.

Туған елің тағы да бір қуансын,
Мүмкін өзің тойға келіп қаларсың?
Мүмкін, тіпті, топқа түсіп тағы да,
Жүз жасыңда бас бәйгені аларсың.

Тасқыны бар дариядай ағылған.
Мұхтар аға, халқың қалай сағынған!
“Абай жолы” құдірет қой, құдірет,
Құдіретке мен де құлдай табынғам.

Өзің ең ғой жас күнімнен ұққаным,
Сенің арқаң ең биікке шыққаным.
Байтақ әлем бәрі жатыр көтеріп,
Менің жалғыз қазағымның Мұхтарын...

Бізге қонған бақыт қандай, бақ қандай?
Қазақ болып қалай тұрам мақтанбай.
Шашу шашып ғасыр толған тойыңда,
Құдай өзі бәрін беріп жатқандай...

Дүниені сілкіндіріп, таң қылып,
Тойың бұлай өтуі де заңдылық.
Егеменді қазақ елі жасасын,
Сен де жаса, Мұхтар аға мәңгілік!

ЖАҢА ЖЫЛҒА ТІЛЕК

Қуанышпен келдіңіз бе, Жаңа жыл?!
Мен де саған арнайыншы жаңа жыр.
Есік ашық, дастарқаным жаюлы,
Қарсы алуға не керектің бәрі әзір.

О, Жаңа жыл! Сенсің менің асылым,
Қуанғаннан теңіз болып тасыдым.
Бақытыңды туған елге төге бер,
Жаңа туған менің жаңа ғасырым!

Көтерілдім тағы да бір белеске,
Мұның өзі бір ғанибет емес пе?
Мың жылдықпен қатар келдің, Жаңа жыл!
Сондықтан да сенің жолың ерекше.

О, Жаңа жыл! Менің айтар әнім көп,
Қазақстан тұрған жоқ па сәнім боп.
Бар халықпен достығымыз жарасып,
Өтейікші бірге туған бауыр боп.

Жаңа жылда бақыт қандай, нұр қандай!
Бар әлемге салтанатын құрғандай.
Әрбір халық сөйлегенмен әр тілде,
Жаңа жылда бір тілек те туғандай.

Қараңыздар, жаңа жылдың ақ таңын,
Тым ерекше гүл жайнайды бақтарым.
Жалғыз тілек: қазақ халқы өсе бер!
Сенің арқаң - ел боп менің жатқаным.

АХАҢА

Қостанай университетіне Ахмет Байтұрсынұлы
есімінің берілуіне орай

Білімге жан екенсің жаратылған,
Алыстан көрінеді дара тұлғаң.
Бөлек бір қуат пен күш көргендеймін,
Мол жайып кең көсілген қанатыңнан.

Әлемге атың кетті таралып кең,
Болжадың болашақты даналықпен.
Көп еді кешірімің, кешіре көр,
Өзіңді кештеу білсем балалықпен.

Белдесіп бетпе-бет кеп күресе алмай,
Көбі жүр жібек түгіл жүн есе алмай.
«Мен мықты» дегендердің барлығы да,
Өзіңнен кейін қалды ілесе алмай.

Қырандай қия шыңға ұшқаныңда,
Бас иді басқа түгіл дұшпаның да.
Мен дағы Шақшақ ата баласы едім,
Сұраймын санамашы ұшқарыға.

Кейінгі өміріңіз қиындапты,
Шіркін-ай, көпсінді ме түйір бақты.
Мен сізді бір көруді бақыт десем,
Сол бақыт біз пақырға бұйырмапты.

Мақтанып бүкіл қазақ тұрар саған,
Пір тұтып баға берген Мұхаң саған.
Тәуелсіз егеменді ел атандық,
Бұл да бір арманың ед мың аңсаған.

Талантқа қанатыңды малдың ба екен,
Нәріне туған жердің қандың ба екен.
Осынша бойыңдағы мол дарынды,
Анаңның ақ сүтінен алдың ба екен?!

Бұрынғы жанартаулар жанып қалған,
Одан соң кейінгілер анықталған.
Ресейге қосылып кеткен жерден,
Өзің ең Қостанайды алып қалған.

Қазақтың ана тілін тазартқанда,
Көз ілмей отырдың ба ұзақ таңда.
Тірісің, мәңгі өлмейсің данышпаным,
Ел барда, дүниеде қазақ барда.

Жаратқан қабыл алып көп тілегін,
Кенелді қуанышқа көкірегім.
Бір білім ордасының атын алдың,
Мен мұны ел құрметі деп білемін.

Өзіңсің ең ардақты мақтанышым,
Асыл жыр сізге деген ақтарылсын.
Екі елі төбем көкке жетпей тұрды,
Ұмытпай халық сені жатқаны үшін.

Өзіңсің ең асылым - ана тілім,
Өзіңсің үлгі, өнеге алатыным.
Өзіммен бірге сізді ала кетем,
Көз жұмып, рас болса баратыным.

ТАЗАЛЫҚ ТУРАЛЫ

Дүниеге адам келеді әркез еңбектеп,
Көктем бе дерсің, құлпырар сонда жер көктеп.
Тазалықты сезгендей бейне жас сәби,
Ұмтылады екен тал бесігіне «тербет» деп.

Өмірдің мынау өзгеше бізге есебі,
Апталап емес, тәуліктеп адам өседі.
Өткен соң жылдар танымай кейде қаласың,
Баланы көріп қолдағы туған кешегі.

Біреулер өссе, біреулер жетер қарттыққа,
Тазалықтың талабы қатаң, аптықпа.
Ет жүрегің таза болса болғаны,
Жан-жағың толар қуаныштарға, шаттыққа.

Тұра алмаймын іштегі сырды ақтармай,
Қарсы алдымнан арайлы таңым атқандай.
Атам Қазақ! Салтыңнан сенің айналдым,
Заңдылықтардың бәрі өзіңде жатқандай.

Ең үлкен салтты тазалық па деп түсіндім,
Дастарқан таза, қонақжай мен де кісіңмін.
Қуанғаннан шашу ғып шашам халқыма,
Таза көңілден ақ қанат жырлар ұсындым.

Тазалық бізге ана сүтімен берілген,
Таспадай болып ата салтымен өрілген.
Көңіліңде сенің тазалық егер болмаса,
Жігітсің онда абыройы ерте төгілген.

Тазалық барда жығылмас адам жолынан,
Намысың болып, өкініп жүрме соңынан.
Тірісі түгіл, өлігін сыйлап бұл қазақ,
Жуындырып барып, аттандырады екен қолынан.

Солай, бауырым, арнаған саған сөзім бұл,
Бой-басың таза, иманды болар кезің бұл.
Көптен бері айтылмай жүрген сыр еді,
Сәті түскен соң желпініп қалдым өзім бір.



БҰЛ ҚАЗАҚТА ЫРЫМ КӨП

Өте терең білмеуші едім сырын көп,
Байқағанға бұл қазақта ырым көп.
Талаптанып, қанат қағып біз жүрміз,
Ырым еттім, балама арнар жырым көп.

Жыр кеудемді ұғамын да айдын деп,
Құшағымды тұрады ылғи жайғым кеп.
Дүниенің бар дәулетін жинаған,
Дүйсенбіні мен түсінем бай күн деп.

Орындалып көптен күткен тілегім,
Қуанышты жырға толды жүрегім.
Жақсылыққа ырым болған жақсы күн,
Сәрсенбіні сәттілік деп білемін.

Сені қалай десем екен жұма күн!
Жұма сайын оқылады құраным.
Мен бұл күні аруақтарды еске алып,
Құдай үшін құлшылықпен тұрамын.

Сенбі! Сенде жақсы күнсің мақтаған,
Жақсы күнсің жұрттың бәрі жақтаған.
Сен келгенде талай жігіт үйленіп,
Талай қыздар ақ босаға аттаған.

Жексенбіде жүгіреміз базарлап,
Басқа жұмыс шақырмайды мазаңды ап...
Кездесуі керек болса жігітпен,
Жексенбіде кетеді екен қыз алдап...

Осылайша бөліп-бөліп күндерді,
Жақсы күнге қояды екен бір белгі.
Қайта-қайта оң қабағым тартып жүр,
Көп ұзамай алар ма екем жүлдемді.

Көрген түсін жақсылыққа жорыған,
Атам қазақ жығылмаған жолынан.
Қайта-қайта алақаным қышиды,
Долларды да ұстар ма екем қолымнан.

Біздің қазақ жасай білген кешірім,
Кешірімпаз болғандықтың несі мін?
Ырым етіп, ұрпақ қамын қатты ойлап,
Баласы мен жібермеген жесірін.

Міне, осындай толып жатыр ырымдар,
Көрем десең сәл ертерек тұрыңдар.
Жан едің-ау, жүрегімде жырың бар,
Ырым ет те, барар жерге бұрын бар.



ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫРЫ

Желтоқсанның елемей салқындығын,
Бір үлкен той жасауда халқым бүгін.
Атам қазақ аруағы риза шығар,
Тәуелсіздік төгіп тұр алтын нұрын.

Тәуелсіздік! Сен менің бар асылым,
Сен менің - ең жақыным, жанашырым.
Барша халық шаттанып, қуанып тұр,
Той болған соң табуда жарасымын.

Тәуелсіздік! Қашаннан арман күнім,
Құтты болсын, он жасқа толғандығың.
Елжіреп ет-жүрегім сезгендеймін,
Қазақтың басына бақ қонғандығын.

Онға толып жатқанда жасың бүгін,
Қырандай боп самғасын асыл жырым.
Қазақ елін танытам бар әлемге,
Он жылдық арқалады ғасыр жүгін.

Біз - қазақпыз салтанат, сәнді көрген,
Нұрға толы, арайлы таңды көрген.
Әрбір елде желбіреп көк байрағым,
Тату-тәтті сыйластым барлық елмен.

Қуанғаннан той күні шешілемін,
Қостанайдың атағын өсіремін.
Абылайдың асында шапқандай боп,
Құлашымды кең сермеп көсілемін.

Батаңды бер, тілектес халқым маған,
Ақ алмас балаң едім жарқылдаған.
Мыңнан озып бір бәйге әперейін,
Керек емес байлық пен алтын маған.

Тәуелсіздік бекітті босағамды,
Түсінгенге бұл бір сөз аса мәнді.
Гүлденіп, аман болсын қазақ елі,
Сен дағы, Тәуелсіздік, жаса мәңгі!



АНАЛАРҒА АРНАУ

Той күні аналарға жол ашамын,
Анадан басталмай ма болашағым.
Анашым, сен ренжіп қалмасын деп,
Тек қана жақсылықпен жанасамын.

Ананың мерекесі тұрғанда әсем,
Мен басқа қызықтарға алданбас ем.
Қуанып сен де бүгін, қарындасым,
Жолығар бақытыңды арманда сен.

Күн бүгін бар ма, жоқ па санамайтын.
Бұрылып алды-артыңа қарамайтын.
Анадан туғанымыз рас болса,
Күн - бүгін аналарды аялайтын.

Күн - бүгін тіл табатын ұғынысып,
Құттықтап сүйгеніңе гүл ұсынып.
Анамды аймалаған күндерім-ай!
Көзімнен кеттіңдер ғой бір-бір ұшып.

Анаға арналады мендегі өнер,
Бастасам жырмен тойды жөнге келер.
Қорқамын ана қадірін білмей ме деп,
Жар сүйіп, бала сүйіп көрмегендер.

Жүгіріп көріп келдім жаңа аралап,
Далаға көктем кепті ала қанат.
Анаға алғаш тойын көктем берсе,
Құстар да ән салып жүр анаға арнап.

Әлемге мақтан етем анам барын,
Анамнан қандай жақсы жаралғаным.

Анама арналатын сыйлықтардың,
Мен бүгін дүниеден табам бәрін.

Сөзіңнен бір қуаныш кернеп керім,
Қырандай қанатымды серметемін.
Анамның жаны рахат табуы үшін,
Жүрегін жүрегіммен тербетемін.

Қасымда қандай бақыт ана бары,
Бәрі де сол арқылы саналады.
Аналар тұрған жерде бар жақсылық,
Дүниеге бірдей болып таралады.

Жетем деп аңсап жүрген мұратым көп,
Өзіңмен бірге ұшамын қанатың боп.
Шіркін-ай, жаралса ғой ана біткен,
Өлместей мәңгілікке тұратын боп.

Білмедім неге мұнша асықтым мен,
Тілеймін бере көр деп ашық күннен.
Анамның мерекесі болғандықтан,
Наурыз, өзіңе де ғашықпын мен.

Аналар, алдарыңда борышым көп,
Жүре алсам жарар еді тынысың боп.
Үйренген ақ сүтіңнен ана тілім,
Кездесті таланыма ырысым боп.

Көтеріп тойдың бүгін салам әнін,
Шуақ боп жан-жағыма тараламын.
Сіз барда - дүниеде біздер бармыз,
Жүріңдер аман-есен, аналарым!

ПУШКИНМЕН СЫРЛАСУ

Дана Пушкин, халық сүйген әлемдегі ұлы ақын,
Жырлары да өзіне ұқсап сұлу болып тұратын.
Тамсанатын, қаншама ақын өтті осынау өмірден,
Жалғыз ғана сен едің-ау, әсемдікті ұғатын.

Қандай бақыт! ұлы Пушкин ақын деген атың бар,
Сүйем сені, сен дегенде жүрек оты лапылдар.
Саған дейін сен сияқты болған емес ақындар,
Сенсің менің ең жақыным сырласуға жақындар.

Сен дегенде, әрқашанда елжірейді жүрегім,
Сенің салған жолың еді, менің дағы тілегім.
Бәрін қойып, жалғыз ғана өзіңменен бағалап,
Орыс халқы Пушкині бар бақытты деп білемін.

Жастайыңнан дүниені бір өзіңе қараттың,
Өнеріңді өлеңдетіп жан-жағыңа тараттың.
Французша еркін сөйлеп, қызықтырып жыр жазып,
Европаның жақсы үлгісін сен Ресейге тараттың.

Қос ғасырға толып тұрсың, бұлағың боп ағайын,
Қуанышқа толды ерекше менің бүгін маңайым.
Орыс-қазақ бауыр болып, сыйласқан ғой ежелден,
Талантыңа бас иіпті менің ұлы Абайым.

Сіз дария айдыны бар, толқының боп біз ақтық,
Абай атам сөйлетіпті, сізді мүлде қазақ қып.
Сарыарқада Астанадай менің жаңа қалам бар,
Бойтұмарым - мәңгілікке жеңіп алған азаттық.

Бал тамғандай сенің әрбір, сенің асыл сөзіңнен,
Қазақ жерін сан аралап көріпсің ғой көзіңмен.
Поэзия деген елді кеткен кезде мен шарлап.
Ақыл сұрап, сырласқым кеп тұрады ылғи өзіңмен.

Ағат кеткен кезім болса кешіре көр қатамды,
Онегин мен Татьяна ғашықтардың сүйген әні аталды.
Мұхтары бар, Олжасы бар әлем білген қазақпын,
Ықыласпен сол қазаққа бердің бе екен батаңды.

Келем десең, көрем десең Қостанайды жайнатам,
Құрманғазы оркестрін қарсы алдыңда ойнатам.
Ат шаптырып, елді жиып, құрметімді аямай,
Тойыңызды керемет қып, өзім бас боп тойлатам.

Үстіңізге шапан жабам алтын жаға, ақ берен,
Таңдап мүсін астыңызға ерен жүйрік ат берем.
Балаң едім, ұлы Пушкин! Бата берсең болғаны,
Ақындардың ақынысың! Саған ешкім жетпеген.



ТОЙҒА ШАШУ

Наурыз! Келдің бе сен тағы күліп,
Дүниені шуағыңа малындырып.
Қарсы алып, бүкіл Түрік, Араб елі,
Қуанды келгеніңе сағындырып.

Сезінем ерекше бір өмір демін,
Жаныма нұр болып сен төгілгенің.
Наурыз, береріңді аямай бер,
Кенелсін мол бақытқа елім менің.

Жарасып көршілермен ынтымағым,
Наурыз, саған тартып құлпырамын.
Мал жайып, құт-береке, бақ орнатып,
Қойнауын Қостанайдың толтырамын.

Диқандар, сендер дала ұлы едіңдер,
Жайқалтып егін салып, гүл егіндер.
Әлемге «миллиард», деп ән салатын,
Халқымның не де болса, тілегін бер.

Ақ бұлтты аспандағы көшіре бер,
Аруағын қазағымның өсіре бер.
Ұлыстың ұлы күні, нұр шуақты,
Өзіңдей бола алмасам кешіре гөр.

Даламда жатыр шөгіп ырыс бүгін,
Тілеймін Отанымның тыныштығын.
Барады Қазақстан оза шауып,
Көтеріп, жоғары ұстап жарыс туын.

ЖЕЛ

Жастығына арудың қарамастан,
Басынан орамалын ала қашқан
Жел, сенің ойнақ салған кездеріңде,
Таңырқап тас төбеңнен қарады аспан.

Бұлттарды әкетесің ұшырып-ақ,
Оныға мен тұрамын қысылып-ақ.
Сен соқсаң ұялады жас келіндер,
Бідысын қолындағы түсіріп-ап.

Сен соқсаң ұстайды екен тау да басын,
Тал түсте атанды да аударасың.
Тек қана, тамылжыған таң алдында,
Маужырап тәтті ұйқыға алданасың.

Сен жоқта көлдің беті мөлдіреуде,
Сен барда жалау біткен желбіреуде.
Ұшатын желге қарап қыран құстар,
Бағытын саған қарап белгілеуде.

Теңіз де сен арқылы тербеледі,
Толқынға теңіз беті кенде ме еді?
Шабытым аспанға бір шарықтасын,
Көтеріп алып ұшшы кел де мені.

Бір күнде жел жоғалып кете қоймас,
Жел маған қанша соқса өте қоймас.
Желмен келген дүние желмен кетер,
Тыныштыққа ештеңе жете қоймас!

“ҚОСТАНАЙ ТАҢЫ” ГАЗЕТІНЕ

Бір өзіңмен салтанат сәнім менің,
Сен арқылы ақпарат мәлімдедім.
Сералин бабам салған негізіңді,
О, сүйікті “Қостанай таңым” менің!

Нұрға толы жамылып ақ аспанды,
Барша халық өзіңмен санасқан-ды.
Ақ тілекпен жазушы Майлин атам,
Қабырғаңның кірпішін қаласқан-ды.

Кімдер келіп, дүниеге кім кетпеген,
Бәрі сені сүйетін жүрекпенен.
Әр бетіңді қуанып оқитынбыз,
Саған деген жақсы бір тілекпенен.

Өлең-жырдың қадірін танып білген,
Сан бәйгені еліне алып берген.
Атақты ақын Нұрхан жырлары да,
Талай-талай өзіңде жарық көрген

Белгісіндей пәк сезім сағыныштың,
Неге менің жүрегім алып-ұштың?
Сырбай, Ғафу жырларын сенен оқып,
Тұнығынан соншалық қанып іштім.

Жастық шақта құлашты алға сермеп,
Қас тұлпардың жалына жармасып ек.
Мен де өзіңмен тағдырлас сияқтымын,
Өлеңім сенде шыққан алғаш рет.

Сондықтан қуанышым елден ерек,
Қуанып сен жатқанда сексенге кеп.
О, сүйікті газетім, бір сен үшін,
Тойыңда оза шауып кетсем керек.

Жалыны бар жүректі от қылдыңыз,
Қазақ десе, ел десе тік тұрдыңыз.
Жалықпай шала қазақ болғандарға,
Ана тілдің қадірін ұқтырдыңыз.

Бір өзіңсің бүгінгі сәнім менің,
Бір өзіңсің шырқалар әнім менің.
Қазақ мәңгі тұрғанда, сен де мәңгі,
О, сүйікті “Қостанай таңым” менің.



ТУҒАН ЕЛ АҚМОЛА

Әні Қажыәли Омаровтікі
Өлеңі Төленді Арыстанбековтікі

Жүрегім елжірейді елім десем,
Алаңмын көзіме бір көрінбесең.
Қанша кең, қанша байтақ болсаңдағы,
Кеудемнің жатсың сыйып төріне сен.

Қайырмасы:
А! Дархан өлкем,
Ерекше жерің
Көркем,
Тұрасың көз
Алдымда дараланып,
Мақтанамын, сен менің,
Бақ-таланым.
Туған ел мәңгі,
Ырысы астананың.

Сайрайын бұлбұлың боп бақтарда мен,
Сырымды бұрын былай ақтармап-ем.
Мен мүлде дүниеге сыймай кетем,
Туған ел сен қуанған шақтарда мен.

Қайырмасы.

Айналдым нұрға толы келбетіңнен,
Таппадым саған теңеу жер бетінен.
Самалмен тербетілсе сағым дала,
Қосылып мен де бірге тербетілем.

ҚАРЛЫҒАШТЫҢ ҰЯСЫ

Менің бала шақтарым-ай! Қуаныштан тұратын.
Шаршамастан ұзақ күнге сауық-сайран құратын.
Әжем соған мәз болатын, бірақ, бізді ескертіп,
Ұяларға жақындасақ, «Жолама!» деп қуатын.

Қарлығаштар әсем ұшып, сәнмен жайып қанатын,
Біздің үйдің төбесіне бәрі келіп қонатын.
Ең қауіпсіз жайлы жер деп ойлай ма екен, шіркін-ай,
Қорамыздың ішінде де ұялары тұратын.

Балалық-ай, біз ойнаушы ек, ұяларға қызығып,
Қарлығаштар отыратын көңілсіздеу тізіліп.
Бір-екеуін қамап алып, ұстаймыз деп жүргенде,
Жерге түсіп быт-шыт болып, ұя қалды бұзылып.

Жұмыртқаның ұядағы бәрі қалды жарылып,
Анасының көздерінен жас парлады ағылып,
Атасы да қайғырғаннан көзін ашпай отырды,
Мұңайғаннан қабақтары түсіп кетті жабылып.

Жаман жұмыс жасадың-ау, - деді әжем, - балам-ай,
Қарлығаштар кетеді ғой, енді бізге жоламай.
Олар бізге ең жақын дос, кейін бәрін білерсің,
Қандай қиын, досың тастап кетсе саған қарамай.

Содан бері өтті міне, талай жылдар, талай күн,
Ұмытпаймын, алаңдаймын, жан-жағыма қараймын.
Қарлығаштар содан бері әлі өкпелеп жүргендей,
Ұя көрсем, құс біткеннің бәрін-бәрін аяймын.

Уа, тағдырым, кеш те болса кешір мені, өтінем,
Балалықта еркелеу боп, кеттім бе екем бетіммен.
Құс ұясы болғанменен - тіршіліктің ұясы,
Сол ұяны бұзғаныма әлі күнге өкінем...



ЖАҢА ЖЫЛЫМ, АРМАН КҮНІМ!

Наурыз - жаңа жылым, арман күнім,
Жүгірдім қарсы алуға таңнан бұрын.
Тіледім бақ-береке болғандығын,
Бірысқа дастарқандар толғандығын.

Наурыз - болашағым, келер күнім,
Туыстың татулығын білер күнім.
Намысты арым үшін тігер күнім,
Бәйгеге мені қосып жібер бүгін.

Жаңа жыл, қыздар үшін шаттанар күн,
Жігіттер қалыңдыққа аттанар күн.
Наурыз-қазақ үшін бақ қонар күн,
Наурыз - қазақ үшін мақтанар күн.

Қуанып әжелерім, аталарым,
Аямай беріп жатыр баталарын.
Жүректен жалыны бар от аламын,
Бәрін де жақсылыққа апарамын.

Наурыз жаңа бақыт жатқан бөлек,
Жайқалды Қостанайда бақтар гүлдеп.
Сағынып құшақтадым жаңа жылды,
Ғасырда қайта оралған Мұхтар ма деп.

Мұратқа жеткізеді адалдығым,
Бақты да, бақытты да табам бүгін.
О, Жаратқан, бере көр жалбарынам,
Халықтың қазақ деген амандығын,

Қызығам жаңа жылда ақ таңдарға,
Ақ таңнан бақыттарын тапқандарға.
Тілеймін бар жақсылық, қазақ түгіл,
Қазақпен туыс болып жатқандарға.

Наурыз - жаңа жылым, ырыс күнім,
Тілейтін тілегі бір жер үстінің.
Наурыз, басқа бақыт сұрамас ем,
Сақтасаң дүниенің тыныштығын.

Наурыз! Не берсең де оңыңнан бер,
Нұрыңды, шуағыңды молыңнан бер.
Бәріміз қуанатын ырым болсын,
Қазаққа береріңді қолыңнан бер.

Наурыз -жаңа жылым, жанған бағым,
Жолығып бір қосылды армандарым.
Наурыз, өзім күткен бақыт боп кел,
Еңбекпен тауып алам қалғандарын.



АЛҒЫС ТУРАЛЫ ОЙ

Өмір мәнін түсінбейміз мына біз,
Нанбасаңыз, даналардан сұраңыз.
Біреулерге көп болады бір алғыс,
Біреулерге аз болады мың алғыс.

Сан алғыстың қосу қиын басын бір,
Сен де алғыстан жаратылдың асыл жыр.
Көп алғысты көтере алмай біреулер,
Берекесін оңды-солды шашып жүр.

Қуаныш та, қызығың да өтеді,
Байлық деген қолдың кірі, кетеді.
Қандай жақсы алғыс алу адамға,
Алғыс алған мақсатына жетеді.

Алғыс үшін ағар едім бұлақ боп,
Алғыс барда жаманшылық жырақ кет.
Татулықты, сәнді өмірді осынау,
Мен ойлаймын алғыстардан тұрад деп.

Бір ғанибет үлкендерден бата алған,
Сонда ғана кем болмайсың қатардан.
Әкем менің жастайымнан үйретті,
Әрқашанда алғыс ал деп атаңнан.

Жақсылықты жүрегіммен сезем мен,
Қиындыққа алғыс үшін төзем мен.
Анам менің жастайымнан үйретті,
Әрқашанда алғыс ал деп әжеңнен.

О, туған жер! Ерекше ғой нар тұлғаң!
Мен айналдым, дәстүріңнен, салтыңнан.
Атам, әжем жастай мені үйреткен,
Алғыс ал деп өзің туған халқыңнан.

Бәрі менің кетер емес есімнен,
Туған елім әддиген, өсірген.
Солар мені жастайымнан үйреткен,
Алғыс ал деп жетім менен жесірден.

Атам қазақ! Бас иемін ғұрпыңа,
Риза бол кейінгі ұрпақ-жұртыңа.
Бәрінен де алғыс ал деп үйреттің,
Қарамастан әр халықтың ұлтына.

Содан болар алғысқа мен құмармын,
Алғыс барда жарқырайды туар күн.
Кім біледі, дүниеде алғыс көп,
Бір алғыстан жаратылған шығармын.



ТӨРТ ҚҰБЫЛАМ БАР МЕНІҢ

Аямайын, жыр шуағын төгейін,
Көтерілсін менің де бір мерейім.
Тіршілікте төрт құбылаң бар дейді,
Бүгін соны мен түгендеп берейін.

Бір құбылам болу керек шығысым,
Шығысымның көресің бе тұрысын?
Алтын арай шығысымды ойласам,
Өз-өзінен кеңейеді тынысым.

Шығыс жақтан атар менің ақ таңым,
Шығыс жақтан гүлдер менің бақтарым.
Шығысымнан күн күлімдеп шығады,
О, Шығысым, бола берші мақтаным!

Құбыламның енді бірі батысым,
Батысым да жібермейді қақысын.
Көкжиекке батар күнді қондырып,
Батысымның көрмейсің бе жатысын.

Күн батарда жел де тынар, басылар,
Жұлдыздарым аспанымда шашылар.
Мұхит атам әні барын білемін,
Менің-дағы бір әнімді қосып ал.

Бір құбылам одан кейін теріскей,
Теріскеймен кейде қалам келіспей.
Аляска мен Тундраны тондырып,
Мұз мұхитқа жатырсың-ау беріспей.

Поляр түні сенде жиі болады,
Сондықтан да тіршіліктер тоңады.
Болмай жүрген сықырлаған аязға,
Нағыз ер ғой теріскейдің адамы.

Бір құбылам оңтүстігім - өзімнің,
Баға берші салмағына сөзімнің.
Әулие жер Түркістаным тұрғанда,
Не десең де, мен бәріне әзірмін.

Қарсы алдыңнан имандылық тосады,
Жібермейді мұсылмандар құшағы.
Қыста тоңып қалмауы үшін құстар да,
Жылы жаққа сәл ертерек ұшады.

Керек шығар елімді де тануым,
Маған қымбат өзім туған ауылым.
Қиындықтар кездесер-ау сонда да,
Төрт құбылаң түгел болсын, бауырым!



ЖІГІТ СЫРЫ

О, Тіршілік, отыңды жақтың білем,
Көктем келді күлімдеп, бақ гүлдеген.
Бір арумен танысып құлай сүйдім,
Бақытымды іздеген таптым білем.

Сыр ақтарып көп жүрдік, жалықпадық,
Сөне көрме үмітім жанып барып.
Адалдықты, пәктікті көрсет десең,
Бәрін берем өзіңе алып барып.

Қосылу арман еді өзіңменен,
Талай түндер өткіздім көз ілмеген.
Жалғыз ауыз сөзіңе іңкәр қылдың,
Шыдайды екен, қайтейін, төзім деген.

Күлімдеп мен күткен күн шығар ма алдан,
Қуанатын сәт қашан туар маған?
Сұлу қыз көп ойланып әлі жүрсің,
Сыр қалды енді қандай ұға алмаған?

Аңсадым сағат сайын көргім келіп,
Бәріне жүр ғой менің көнгім келіп.
Осылай зарықтырып қоясың ба,
Сен үшін тағдырыма сендім берік.

Күрделі жұмбақ болып шешілмедің,
Қайран қалдым, мен саған түсінбедім.
Бір жігіттей өнерім болса дағы,
Өзіңе жетпей қойды-ау күшім менің.

Мөлдір сезім қойдың-ау сағындырып,
Бір сұлуға осынша табындырып.
Жарасатын секілді қыздар үшін,
Жігіттерді жүргені жалындырып.

Мен қалай айтсам екен бәрін-бәрін...
Жүректе сүйген қызға орын барын.
О, Махаббат! Құдіретің бар еді ғой,
Тағдырымды өзің шеш,
Қолыңдамын.



КӨРШІЛЕРІМ

Шабысымды көсілген көрші менің,
Өлең десе жасымнан өршіл едім.
Ақ тілекпен оянам таңмен бірге,
Аман-есен жүрмісің көршілерім.

Қандай жақсы көршімен сырласқаным,
Жарқырайды төбемде нұрлы аспаным.
«Намазыңды бұз» деген атам Қазақ,
Көршіме арнап мен бүгін жыр бастадым.

Сәлемдесіп күн сайын тілдесемін,
Ашық, жарқын бәрімен жүздесемін.
Шақырысып, көршімен араласып,
Мен бақытты осылай күн кешемін.

Несібемді бұйырған теріп келем,
Баяғыдай бәріңе сеніп келем.
Көрші қақы қиын деп ойлаймын да,
Нанымды да бір үзім бөліп берем.

Көршім бар-ау, мақтанар көршім бар-ау,
Көршім маған бір ғажап жырсыңдар-ау.
Сыйласқандар жетеді, бірақ сендер,
Бәрінен де жоғары тұрсыңдар-ау.

АРМЫСЫҢ, АЛАКӨЛІМ - АҚ АЙДЫНЫМ!

Армысың Алакөлім - ақ айдыным,
Бір көру арманы еді талай күннің.
Алдымнан өзің шығып қарсы алдың-ау,
Тойыңа келерімді қалай білдің?

Ғажайып осы өлкенің көркі ме едің?
Өзіңдей мен де бүгін серпілемін.
Ардақтап асылдардың ата-жұртын,
Әкелдім Қостанайдан ел тілегін.

Бақыт қой Алакөлге келген деген,
Үлкенге, елге сәлем берген деген.
Көрсен ғой жүрегімнің қуанғанын,
Ақсуат, алғаш сені көргенде мен.

Алакөл! Көңілімді көлдеттің-ау,
Аялап толқыныңмен тербеттің-ау.
Бал-құрақ жағалауда жайқалады,
Құлпырып кетіпті ғой жер-көк мынау.

Обаған өзеніндей аға алмасам,
Бір гүлді омырауыма таға алмасам.
Жүйріктің қатарынан шығар мені,
Жарыста бүгін бәйге ала алмасам.

Қашаннан өлең-жырды ұққан жерсің,
Атадан мирас болып жұққан дерсің.
Меңдібек, Ақілгек бар, Майташың бар,
Айтыскер талай ақын шыққан жерсің.

Аяулы бір азамат Ғаббас еді-ау,
Ел десе жаны тыным таппас еді-ау.
Жатқанда ас беріліп Ақсуатта,
Шіркін-ай, тірі болса жатпас еді-ау!

Ақсуат, сән-салтанат құрған жерсің,
Бетіңді жақсылыққа бұрған жерсің.
“Қалың мал” романын жазып кеткен,
Атақты Спандияр туған жерсің.

Өркендеп кемеліңе толған жерсің,
Сәбит пен Ғабит талай болған жерсің.
Сәкенге жолдас болған Таутанға да,
Басына бақыт болып қонған жерсің.

Құрметтеп саған келіп отыр елің,
Толтырып қуанышқа көкірегің.
Ата-жұрт, үш жүз елу жасқа келген,
Басыңды бір көтерші, өтінемін.

Қаншама көрінгенмен ғасыр биік,
Мен үшін жерде жатқан тасың биік.
Ас берген ақсуаттық азаматтар,
Сіздерге алғыс айтам, басымды иіп.

Өзіңсің, О, Туған жер, жыр еткенім,
Қуансын шаттық кернеп жүректерің.
Оқыған дұғамызды Құдай қолдап,
Уа, Халқым, қабыл болсын тілектерің.

АСЫЛ ЖАРЫМ

Қосылып нұрлы көктем, ашық күнім,
Көрейін ән перненің басып бірін.
Асыл жар құшақтаған сайын мені,
Басылар емес менің ғашықтығым.

Ән кеші қандай әсем қалықтаған,
Мен оған қалдырмаймын, алып барам.
Сен жоқта қараңғылық сезілердей,
Сен барда кең дүние жарық маған.

Төгілер сен дегенде жыр арнадан,
Жүрегім сені көрмей тұра алмаған.
Жандарды сендей асыл пах, шіркін-ай,
Әлемде жан жоқ шығар ұға алмаған.

Асыл жар сенсің менің бір қанатым,
Кеудемде бір толқын бар ырғалатын.
Бақытты күндеріңіз көп еді ғой,
Ерекше мен дегенде нұрланатын.

Бақыт бұл көкте де емес, жерде де емес,
Тек қана сенде ғана, менде де емес.
Әрқашан әсемдікпен наздансаң да,
Мені ешкім сендей жақсы көрген емес.

Өзіңе сыр шертемін жалықтастан,
Достықтың салтыменен қалыптасқан.
Асыл жар, сен адалсың мен дегенде,
Күндерім болса дағы шалыс басқан.

Бәрі де өзің барда өсіп-өнер,
Асыл жар, мәртебеңді өсіре бер.
Болатын артық-кемі мен де пенде,
Білмесем қадіріңді кешіре көр.

Арайлы таң келеді шығысымнан,
Жігітке жақсы болу - туысынан.
Көнемін мен бәріне асыл жарды,
Шығарып алмау үшін уысымнан.

Қырандар жаралады биік үшін,
Сұлу қыз жаралады сүю үшін.
Асыл жар, мен жаралдым сендік болып,
Олжаның көрмейсің бе бұйырысын.

Көп менен ұялушы ең «қарама», - деп,
Жұлдызды аспандағы санама деп.
Бала жас, нарық мынау, қорқып жүрмін,
Мен жоқта саған қиын бола ма деп?





Қостанай қаласы. 1968 ж.



Арыстанбеков Т.А, жұбайы Арыстанбекова Е.Х,
анасы Меруерт. 1972 ж.



Арыстанбекова Елена Хамитқызы және
Арыстанбеков Т.А. 1970 ж.



Қостанай қаласы. 1965 ж.



Алматы қаласы. 1976 ж.

Суреттер сыр шертеді



Одесса қаласы. 1977 ж.



Арқалық қаласы. 1980 ж.



Жангелді ауданы, Юбилейный ауылы. 1982ж.





Ақын С.Оспанов
Алматы қаласы.
1972 ж.



Біліктілікті
арттыру курсы,
Алматы қаласы.
1969 ж.



Әріптестері, Торғай ауылы. 1990 ж.



Ақын С.Оспанов Алматы қаласы. 1971 ж.

Суреттер сыр шертеді



Студенттік кездер, Қостанай қаласы. 1958 ж.



Одесса қаласы. 1977 ж.



Біліктілікті арттыру курсы, Алматы қаласы. 1969 ж.



Облыстық ақындар айтысы, Арқалық қаласы. 1982 ж.

Суреттер сыр шертеді



Кисловодск қаласы.
1977 ж.



Қостанай қаласы.
1959 ж.



Ақын досы - Сабыржан Шүкіров, Алматы қаласы.
2000 ж.

ТУҒАН ЖЕРІМ - ҚАРАБАЛЫҒЫМ

Қарабалық ұрпағы,
Қобыландыдай батырдың,
Шаттыққа толы күн тағы,
Мен жаңа біліп жатырмын.,

Қайырмасы:
Атыңды жүрмін ән қылып.
Шуағын төгіп жанымның.
Жасай бер өзің мәңгілік.
Туған жер, Қарабалығым.

Шексіз бір байлық көремін,
Тау-тау болып жатыр алтын дән.
Бақытты қандай жер едің,
Айналдым сенің халқыңнан.

Қайырмасы.
Қызыққа күнде батамын,
Бір балаң болып саналып.
Туған жер, сенің атағың,
Әлемге кетті таралып.

Қайырмасы.

ЖАМБЫЛ БАБА ТОЙЫНА

Дүбірлі той болғанда бабамызға,
Қосылмай жай отырып қаламыз ба?
Өлеңнің ауылынан шықпай жүрсем,
Еншім бар бөлісер арамызда.

Өлеңнен алмай жүрген аласым бар,
Бітпейтін өлең десе таласым бар.
Толқиды екпінменен асау теңіз,
Алдымда тұрып алмай жол ашыңдар.

Абай боп, Махамбет боп, Қасым да боп,
Алыстан мұнартады қара шыңдар.
Жүмекен, Мұқағали, Төлегендей,
Тез өсіп жетіліпті жаңа шыңдар.

Жамбылдай асқақтаған ұлы кеуде,
Ішінде сол шыңдардың дарасы бар.
Бүгінгі өлең сүйер бақытты ұрпақ,
Шыңдарды бір көруге таласыңдар.

Әлемдік поэзия биігіне,
Тек қана Олжастай боп жарасыңдар.
Жамбылдың аруағы маған да ортақ.
Болған соң Жамбыл ортақ санасыңдар.

Жүгірем Жамбыл десе балақ түріп,
Көз ілмей қуаныштан таң аттырып.
Тойымды өз көзіммен көремін деп,
Жағдайды жатырсың ба сұрап-біліп.

Қазақы ата дәстүр салтыменен,
Орнатам уәдеге тұрақтылық.
Ананы баласымен аялаймын,
Ешкімді жібермеймін жылаттырып.

Бабам-ау, сен тұрғанда аянам ба?
Өлеңді ағызамын бұлақ қылып.
Азғантай қазағымның амандығын,
Құдайдан сұрап алам, жылап тұрып.

Маған да қанат берді самғасын деп,
Өнерін одан әрі жалғасын деп.
Бой бермей жанасқанға ұшып келем,
Бабам-ау, сен ренжіп қалмасын деп.

Ақындар, біз ешкімнен жасқанбайық,
Жамбылдың аты бізге асқан байлық.
Қазақтың жері жырға бөленсін деп,
Жамбылды құдай берді аспандай ғып.

Сенемін Жамбыл қайта келді десе,
Бір-бірін Абай, Жамбыл көрді десе.
Сенемін Жамбыл бата берді десе,
Жамбылды тек сенбеймін өлді десе.

ЕЛУ ЖАСЫҢ ҚҰТТЫ БОЛСЫН, БАУЫРЫМ

Қамысты ауданы, Алтынсарин акционерлік
қоғамының төрағасы Борис Павлович Князевке

Борис інім, құтты болсын елуің,
Қандай жақсы елу жасқа келуің.
Отыздағы жігіттейсің жап-жассың,
Елу жасқа қиын боп тұр сенуім.

Халқың үшін сенің соқса жүрегің,
Аға болып абыройыңды тіледім.
Інім, саған сенгендігім соншалық.
Бірге туғам бауырым деп білемін.

Жастайыңнан сен еңбекке талпындың,
Бәрін білдің біздің елдің салтының.
Депутат боп облысқа сайланып,
Қалаулысы бола білдің халқыңның.

Қазақ жері - байтақ жатқан іргелі ел,
Біз тұрғанда одан әрі гүлденер.
Сен басқарған шаруашылық бұл күнде,
Ешкімге де жұлде бермес жұлдегер.

Көсіле бер, басылмасын арының,
Бойыңдағы таусылмасын жалының.
Алпыста да бас бәйгені жеңіп ал,
Әрқашанда аман жүріп бауырым!

АТА ЗАҢ

Тағы келді төл мереке - заң күні,
Жан-жағымның қуанышты барлығы.
Ата Заңның өз қолында тұрғандай,
Еліміздің болашағы, тағдыры.

Бұрын бізде мұндай заңдар болмаған,
Арман еді, қиял еді ол маған.
Парламентте қабылданған заңдарды,
Күнделікті өміріме қолданам.

Достасамын, сыйласамын кісімен,
Жақсылықтың бәрін түгел түсінем.
Ел ішіне орнатамын тыныштық,
Ата Заңның қуатымен, күшімен.

Қуаныштың болады екен сан түрі,
Көңіл-күйім тағы бүгін шалқыды.
Бақытымды тұрғандаймын қабылдап,
Қолымдағы Ата Заңым арқылы.

Арайланып келе жатыр таң деген,
Таңмен бірге мен де қоса сәнденем.
Мен үйленіп өзім сүйген қызыма,
Тағдырыма жауап берем заңменен.

Ата Заңды мен осылай ұғамын,
Ата Заңда көрсетілген ұраным.
Ата Заңым, бір өзіңе жыр-әнім,
Қандай жақсы, нұрға толы шуағың!

ТОБЫЛДЫҢ ТОЛҚЫНДАРЫ-АЙ!

О, Тобыл, толқыныңа құмармын мен,
Білмеймін, ғашық болған шығармын мен,
Айдының көзге алыстан жарқырайды,
Күндей боп ұясынан шыға келген.

Тербеліп ақ толқындар туады екен,
Жарысып бірін-бірі қуады екен.
Менің де жүрегімде жыр толқыды,
Толқындар бірін-бірі ұға ма екен.

Күлімдеп мен де бірге арай күнмен,
Шуақ боп шұғылалы тараймын мен.
Мен тіпті сонау алыс ғарыштан да,
Өзіңнен көзімді алмай қараймын мен.

Құлаштап сенен жүзіп өтсем деймін,
Толқынның бәрін қуып жетсем деймін.
Қосылып толқындармен араласып,
Мен де бір толқының боп кетсем деймін.

О, Тобыл, рұқсат бер, баласынба,
Даналық жатар мүмкін санасыңда.
Мен үшін бір бақытым табылардай,
Тулаған көп толқынның арасыңда.

ҚОС ЖҮЙРІК ҚОСУ ЕДІ БІР АРМАНЫМ

Қанатын кеңге жайып ұша алмады,
Көрінді көңілінде құса бары.
Тұғырда томағалы қыран отыр,
Қыранның отырғаны - тұсалғаны.

Құлашты бір созуға іңкәрмісің,
Самғасаң, алушы едің жұрт алғысын.
Тәуелді болу деген қандай қиын,
Тұсалып қор болдың-ау, сұңқар құсым.

Бір жүйрік қосу еді бас арманым,
Алғанда бас бәйгені ұшар бағың.
Қадірін білмейтіндер болады екен,
Тұлпардың көріп жүрміз тұсалғанын.

Жаны сау, аман болса көкірегі,
Балапан ұядағы жетіледі.
Тұсалған тұлпар аттың сырын ұқтым,
Тұлпар боп туғанына өкінеді.

Сән еді, сұлу еді отырысың,
Сайраған салтанатта тоты құсым.
Биікке, тым биікке самғай алмай,
Сенің де кетпей жүр ме, өкінішің?

Бақытты еркін өскен шақтарым-ай!
Сыр бар ма, жатқан бізде ақтарылмай.
Күніне мың қайтара сыйынамын,
Бір өзің тұсалғаннан сақта Құдай!

ЕҢБЕКТИҢ АРҚАСЫ ДЕП ҰҒАМ БӘРІН

Жаныма жақынырақ от бергелі,
Бір арман мазалап жүр көптен мені.
Еңбекпен дариялар толқып тасып,
Тасыса болмайды екен өткелдері.

Тоғысқан тоқсан тарау жол көп білем,
Еңбекпен жоғарыға өрлеп келем.
Көп көрдім еңбектеген жас сәбидің,
Кеудесін көтергенін еңбекпенен.

Еңбектің жүрген жері бөлек дер ем,
Еңбексіз дүниеде күн өтпеген.
Қуанып әр таңымды қарсы аламын,
Еңбекті құдай сүйген жүрекпенен.

Ғарышқа самғап ұшса қырандарым,
Еңбектің арқасы деп ұғам бәрін.
Нарықтан аман өтсе қазақ елі,
Ешқандай болмас еді мұң-арманым.

Еңбексіз өмір бізге тұрақтар ма,
Еңбекпен ағады екен бұлақтар да.
Бауырым, еңбек деген құдірет қой,
Тек, еңбек жеткізеді мұраттарға.

САҒЫНЫШТЫ ЖЫР АРНАДЫМ

Қойдырып Төленді деп маған атты,
Туған жер мені сонша бағалапты.
Білуге бізге сырын болар ма екен,
“Бірлік” деп қалай қойған саған атты.

Арайлы талай ақ таң атырар деп,
Кенелтіп қуанышқа батырар деп.
“Бірлік” деп ат қойғанда ой болды ма,
Шаттығы болашақтың шақырар деп.

Шабытты ала қашқан көндіре алмай,
Көсілтіп ұзақ жолды өндіре алмай.
Төленді десеңдағы әлі жүрмін,
Көшімді кең жайлауға қондыра алмай.

Туған жер, сенен несін жасырамын,
Көрсен ғой көңілімнің тасығанын,
Өзіңнен алысырақ кетсем болды,
Тезірек кездесуге асығамын.

Санама атың мәңгі жатталынды,
Сағыныш саған деген ақтарылды.
Бала-дәурен балалығым сенде қалған,
Өткізген ең бақытты шақтарымды.

Алдымнан шуақ таңдар атты-дағы,
Жүгіріп қуаныштар шапқылады.
Қызыңа талай сұлу қарамап ем,
Бақытты басқа жақтан тапты бәрі.

Қосылып ақша бұлтпен ұштым бірге,
Аяулы арманымды құштым бірге.
«Бірлікпен» қайда жүрсем тірлігім бір,
Келеміз, кем емеспіз ешкімнен де.

Еңбектің жүрген жерін тоқ деп білем,
Нарықтың қиындығы жоқ деп білем.
Бір сөзден “Бірлік” деген ұғынарым,
Ынтымақ сыйластықты көп деп білем.

Ұрпақтан аямаған бар асылын,
“Бірлігім”, сенсің менің жанашырым,
Сен тұрып Ресеймен шекарада,
Екі жақ тауып жатыр жарасымын.

Туған жер, мені өсірдің аяладың,
Жаныма жақсылықтар аямадың.
Сүрінген кездерімде сәл асығып,
Бетіңе қарауға да ұяламын.

Бақытым сенде туған бар-ау мәңгі,
Шығардым сен дегенде тұра алмауды,
Өзіңе көптен бері бармап едім.
Еркелеп, аңсап жүрмін бір аунауды.

Ақындық намысымды жүрмін қайрап,
Сыйынып, құдіретіңе жүз қайталап.
Басталған Орал таудан Үй өзені,
Маған да берді ме екен таудай талап.

Бақыт қой береке мен ырыс барлық,
Қайтадан дін оралып дұрысталдық.

Өзіңде отыз ұлттың өкілі бар,
Мен жүрмін соның бәрін туысқан ғып.

Аман бол, Бірліктегі бауырларым!
Тілектен сендер үшін жаңылмадым.
Ел аты Победа боп өзгергенде,
Көрсен ғой жүрегімнің ауырғанын.

Не берсең еліме бер, жұртыма бер,
Өлеңді маған сен де, ырқыма бер,
Бал-бұлақ, балдан тәтті, туған жерім,
Гүлденіп көз алдымда құлпыра бер!



ТУҒАН ЖЕР ЕҢ БИІККЕ ШЫҒАРҒАНЫМ

Қазақтың биік дейді Алатауы,
Жамбылдың ол да биік Қаратауы,
Көзіме көрінеді аспан биік,
Байқаймын білмейтінім бар-ау тағы.

Қаншама биіктіктер толып жатыр,
Біреулер қолы жеткен болып жатыр.
Қырандар қия шыңға көтеріліп,
Қайтадан тұғырына қонып жатыр.

Көз жасын биік бұлттар төгіп жатыр,
Таулар да асқақтаған шөгіп жатыр,
Төбемнен төніп тұрған аспанның да,
Найзағай қабырғасын сөгіп жатыр.

Біреулер аласа екен биік тұрып,
Жарасар биік болсаң иықтылық.
Шіркін-ай, байқағанға бар екен-ау,
Өмірде неше түрлі биіктілік.

Мен барлық биіктікпен таласамын,
Ғарыштың аржағына әрі асамын.
Әркімнің болады ғой бір отаны,
Тек қана туған жерден аласамын.

НҰРЖАН АТА (Толғау)

Рұқсат болар ма екен, Нұржан ата,
Өнердің биігінде тұрған ата.
Ол жақпен шыныменен қош айтысып,
Еліңе оралдың ба біржолата.

Сыр сандық баяғыдай ашық тұр ма,
Жоқ әлде, шешендігің басып тұр ма,
Білемін туған жердің естігенде,
Келуге Қостанайға асықтың ба?

Таласып серілікке бара алдың ба?
Әніңді Арқадағы сала алдың ба?
Атақты Наушабайдың Нұржаны боп,
Атаған бас бәйгені ала алдың ба.

Барлығы басқа қонған бақтан шығар,
Шын тұлпар суырылса топтан шығар.
Қазақтың біз білмейтін жайсаңдары,
Бәрі де тілектес боп жатқан шығар.

Елімнің Шоқан мініп тарлан атын,
Бейімбет шабыт келсе толғанатын.
Екеуі сәл жабырқау жүрген жоқ па,
Еліміз қимады деп - аудан атын.

Ол келіп жырға бақыт қона ма деп,
Ортасы ақындардың тола ма деп.
Тағатсыз күтудеміз өзіңізді,
Әйтеуір бір үлкен той бола ма деп.

Арайлы Қостанайдың ақ таңынан,
Мен сізге асыл жыр боп ақтарылам.
Мүмкін-ау, танымауың туған жерді,
Қаншама бақыт қонған, бақ дарыған.

Қуанған шығарсыз-ау, сіз де біліп,
Ел жатыр егемен боп өзгеріліп.
Жаратып тойыңызға жүйрік қостым,
Көрмеген бұрын ешкім көзге де іліп.

Қырандай қағып-қағып жыр қанатын,
Теңіздей астан-кестен ұр қанатын.
Бас иіп, құрметпенен есіне алып,
Сізді айтып отырушы-ед Нұрхан ақын.

Сағынып өзіңізді құшаққа алып,
Қостанай жатыр біраз іс атқарып.
Жаңадан ән мектебін қолыңа алшы,
Әншілер кетпеу үшін ұсақталып.

Дарын мен талантыңыз бөлек-бөлек,
Атыңды айтуға да жүрек керек.
Талпынған талапкерге ермелерің,
Нұржаңдай айтпадың деп жүр өкпелеп.

Еліңді ән мен жырға батырыпсың,
Тобылдың толқын суын сапырыпсың.
Бір танбай тайпалаудан шешендігің,
Таңдарды таңға қосып атырыпсың.

Өтетін тойыңыз да бөлек боп тұр,
Халықта Нұржан деген тілек боп тұр.

Өнерді бағалайтын Қостанайға,
Өзіңдей биік Нұржан керек боп тұр.

Ән десе жөнелесің, самғайсың кеп,
Қол тума сазыңды да таңдайсың кеп.
Тұрғанда салықалы, салмақты өлең,
Абайдан онша кейін қалмайсың кеп.

Менің де жырларым бар жалындаған,
Шабытым бой бермейді арындаған.
Бәрін де той сәні деп ойлаймын да,
Сыйынып аруағыңа қолыңды алам.

Азғантай қызықпаймын олжам үшін,
Келемін жоғары ұстап жыр намысын.
Жұмсасам жыр-ғұмырды жолыңызға,
Балаңа, Нұржан ата, ырзамысың.

Теңіз боп кетейін бе, шайқалып-ақ,
Толқыңды ауыздықтап қайтарып-ап.
Мен тіпті жолыңызда жатар едім,
Гүл болып неше түрлі жайқалып-ақ.

Қазақтың алып жатсың жарты әлемін,
Қызығып әр сөзіңнен бал теремін.
Атағын Қостанайдың асқақтатып,
Жасай бер, мәңгі жаса, бәйтерегім!

ҚОСТАНАЙДЫҢ КӨШЕСІ

Әсем, сәнді болу үшін көшелер,
Көшелерге жол асфальті төселер.
Қостанайды мен танымай қалайын,
О, көшелер, қанат жайып өсе бер.

Қостанайда халық деген неткен көп,
Қонақтары келе ме екен шеттен көп?
Біржолата мәңгі көктем келген бе,
Көшелердің екі жағы көкпеңбек.

Моншақтарын омырауына тағынып,
Шамдары да бір сөнбейді жағылып.
Көпшілігі жастар ма деп ойладым,
Адамдары жатады екен ағылып.

Бұлбұл құстар толып жатыр әңдеткен,
Сол ән шығар қаламызды сәнді еткен.
Көшелерде атқылайды фонтандар,
Көрем десең сәл ертерек кел, көктем!

Көгершіндер қатар ұшса жарысып,
Жас балалар жүгіреді алысып.
Серуен құрып жүреді екен көшеде,
Қыз бен жігіт бір-бірімен танысып.

Көшелердің алаңдары толған гүл,
Алуан гүлдер ақынды да толғандыр.
Кең адымдап көшеменен келемін,
Жолығар деп тағы бақыт жолдан бір.

Сағынышпен сапар шегіп келгенде,
Не жетеді қуанышты бөлгенге.
Жаным сүйіп, рахатқа батамын,
Қостанайдың кең көшесін көргенде.

Қайтер екен бір көшені таңдасам?
Таңдап алып жақсылыққа арнасам.
О, шіркін-ай, Қостанайдан үлгі алып,
Жырға көше салар екем мен қашан?



БАЖАЛАР

О, шіркін-ай, әулие ғой қазағым,
Сыйластығын бағалаған бажаның.
Салт-дәстүрге құрметпенен қараймыз,
Бажа десе менің де бар өз әнім.

Бажа болған жақын тұрар әзілге,
Жарық күнде сүйіншімді әзірле.
Бірге туған үш қызға біз үйленіп,
Бажа болып шыға келдік қазір де.

Үш бажамыз, аман-есен келеміз,
Несібені еңбекпенен тереміз.
Тәрбиелеп ұрпақтарды өсірдік,
Біз ертеңгі келешекке сенеміз.

Іштерінде ең үлкені мен болам,
Қалған екі бажама да тең болам.
Жатсынбаймыз кең пейілді өзіміз,
Мүмкін саған тарттық па екен кең далам!

Қызығы мол жастық шақтан өттік біз,
Талай асу белестерге жеттік біз.
Жиі-жиі кездеспесек тұра алмай,
Соншалықты тату болып кеттік біз.

Талдау жасап мәселе қып өзекті,
Көре алмаған біздерді де сөз етті.
Татулығын бажалардың кең зерттеп,
Мәжілісін өткізіпті кезекті:

- Бірі айтыпты қайын жұрттан болар деп,
Бажаларға ұйтқы болған солар деп.
Ал екінші бірі айтыпты бәрі де
Ата-ананың тәрбиесі шығар деп.

Тағы бірі, үлкен кісі шамасы,
Әр нәрсенің болар депті бағасы.
Бажалардың өз жұрты да кем емес,
Барлығы да текті жердің баласы.

Бажа қылып басымызды қосқызған,
Және бізді биіктерге ұшқызған.
Мен айтар ем: татулықтың негізі -
Құдай, сосын бірге туған үш қыздан.

Бажа болып мен тұрамын сертімде,
Бір сұлуға татырлық қой көркім де.
Біз татумыз, бағалайсың сен қалай?
Азаматым, ол өзіңнің еркіңде.



АУЫЛҒА БӘРІН КӨРСЕТЕМ

Биіктікті аспанымнан көрсетем,
Сұлулықты жастарымнан көрсетем.
Кеңдігімді дала арқылы көрсетем,
Бақытымды бала арқылы көрсетем.

Жақсылықты жиып барып көрсетем,
Шуақ-нұрды құйып арып көрсетем.
Әділдікті анықтасам көрсетем,
Қырандықты қалықтасам көрсетем.

Махаббаты сырлы-нәзіктігімен,
Ақындықты жырды жазып көрсетем.
Қыс келерін күз арқылы көрсетем,
Тәрбиені қыз арқылы көрсетем.

Қас жүйрікті жарыстардан көрсетем,
Еңбегімді табыстардан көрсетем.
Байлығымды жер арқылы көрсетем,
Ата салтын ел арқылы көрсетем.

Дастарқаннан ырысымды көрсетем,
Құбыладан шығысымды көрсетем.
Құдай маған тілегімді берсе екен,
Қазақпын деп жүрегімді көрсетем.

Көрсетуге бәрін-бәрін құмармын,
Менің таза көңілімді ұғар кім?
О, Қостанай! Күнде саған мақтанам,
Сірә өзіңді қатты сүйген шығармын.

ЖОЛ ТУРАЛЫ ОЙЛАР

Тоқсан тарау болады екен жол деген,
Назар салып бұрын-соңды көрмеп ем.
Жолдың көбі түзу шығар десек те,
Кездеседі кейбіреуі көлденең.

Болады екен өмір жолы бұралаң,
Талай жолдар ер жігітті сынаған.
Ұзақ жолда кездескенмен қиындық,
Соның бәрін жеңе білген бұл адам.

Бір жолдар бар аңтарылып тұрасың,
Бір жолдармен ең биікке шығасың.
Тұйыққа да тірелетін жолдар бар,
Ондай сәтте дүниені ұғасың.

Бір жолдармен зулай мүлде ағасың,
Аңғармастан еш нәрсенің шамасын.
Сүрлеуге де зар болатын кездер бар,
Даңғыл жолдың қадірлейік бағасын.

Бір жолдар бар үлкендерден бата алған,
Аман-есен оралуға сапардан,
Еңбектің де ерекше бір жолы бар,
Еңбек бізді қалдырмайды қатардан.

Бір жолдар бар жүрген адам мақтанар,
Бір жолдар бар білген адам сақтанар.
Талаптыға нұр жауады деуші еді,
Талаптансаң бақыт қонар, бақ қонар.

Бір жолдар бар шапағатын шашатын,
Бір жолдар бар алыс жүріп қашатын.
Ғашықтардың өз алдына жолы бар,
Бір-біріне махаббатын ашатын.

Ең жақсы жол бұл өмірде сыйласқан,
Байлықты да, басқаны да жимастан.
Жол табам деп буырқанған жырларым,
Бұлқынады кең кеудеме сыймастан.

Мүмкін, өзі білмеймін бе қорқуды,
Ұнатамын теңіз болып толқуды.
Биік жатыр менің асқақ жолдарым,
Жақсы көрем көсілуді, шалқуды.

Жол туралы менің де көп арманым,
Жаңа білдім қолда жатқан мән барын.
Ей, адамдар, жолдарыңа гүл бітіп,
Қуанышпен атсын әрбір таңдарың.



АРУ ҚЫЗ СЕНІ КҮТІП ТҰР-АУ БАҒЫҢ

Көргенде ақ жүзіңді күлімдеген,
Бір ғажап сұлулықтың түрін көрем.
Мөлдіреп қара көзің қарағанда,
Дүние жарқырайды нұрыңменен.

Көрінер бәрі жақсы алғашқыда,
Ақ арман адастырып, алмастырма.
Айдыңда жалғыз жүрген сыңар аққу,
Түсінбей жан сырыңды жармастым ба?

Сен жоқта тәтті өмірдің мәні кетіп,
Сен жоқта сұлулықтың сәні кетіп.
Тұрғандай дүниенің бәрі кетіп,
Кішкентай жүректің де әлі кетіп.

Ыстық қой алғашқы арман, алғашқы үміт,
Жіберген жақсылықты жалғастырып.
Ағаңның аңсап күткен ақ тілегін,
Алмашы қарындасым, шаң бастырып.

Тобылдың тоқсан түрлі толқынынан,
Құйылып шуақ сезім толтырылған.
Қиналған кездеріңде қасыңда боп,
Дайынмын көтеруге қолтығыңнан.

Мен саған шырақ отын жақшы дер ем,
Тезірек бақытыңды тапшы дер ем.
Арайлы Қостанайдың ару қызы,
Әрқашан атың шықсын жақсы деген.

МӘҢГІ ЖАСА ҚАЗАҒЫМ

Бір әсем күй көрейінші тыңдатып,
Жүрегімді әнге қосып жырлатып,
Тәуелсіздік күні жылда келесің,
Әкелесің келген сайын мың бақыт.

Көтерілдік тағы да үлкен белеске,
Қуанғанның өзі бақыт емес пе?
Он жыл болды тәуелсіздік алғалы,
Соңдықтан да, биылғы жыл - ерекше.

Сырлас едім, Сарыарқадай даламен,
Ғарышпен де хабарластым жаңа мен,
Орындалып ата-баба арманы,
Қазақ десе құшақ жайды бар әлем,

Қайда барсам беріліп тұр жол маған,
Жол берген соң тиеді екен төр маған.
Бәріміздің санамызда бір күн бар,
Бұрын-соңды тарихта болмаған.

О, Туған ел! Бәрі сенен таралған...
Шуақ нұрлар ол да сенен жаралған.
Сен бар жерде жақсылықтар көбейіп,
Әр жүректен ұшады екен ақ арман.

Тәуелсізбін, Қазақ деген халықпын,
Жан жағына сәуле шашар жарықпын,
Күлтегін мен Абылайға сыйынып,
Дүниеге өзімді-өзім таныттым.

Той сәні боп шырқалуда ғажап үн,
Топқа түсsem мен бәйгеден озамын.
Мақтаньшым - Республикам, аман боп,
Көк байрақты мәңгі жаса, Қазағым!



ҚАРЫНДАС, ҚАРАЙ БЕРШІ!

Жаныма жанарыңнан от тастадың,
Жүректің жаңа білдім шоқ басқанын.
Мөлдіреп ерекше бір қарап едің,
Өзгеріп астан-кестен кетті аспаным.

Жан-жаққа ой біткендер өріп кетті,
Ақ бұлтқа асыл жырым еніп кетті,
Аспандап ақ шағала қанат қағып,
Ақ нәзік сезімімді бөліп кетті.

Нұр сәуле көкжиекке барып қонды,
Армандар бірін-бірі танып білді.
Мен, мүлде келбетіңнен көргендеймін,
Тағы бір жарқыраған жарық күнді.

Ғажап қой! Қуаныштың жаққан шамы,
Қаумалап жан-жағымды бақ қоршады.
Табиғат малынып тұр, осы-ау сірә,
Таң болып махаббаттың атқан шағы.

Күй төккен сазды әуеннің ырғақтары,
Дүрсілін жүрегімнің тыңдатпады.
Қарындас, жиі маған қарап едің,
Құлпырып кең кеудеме гүл қаптады.

Сұлу қыз! Аға сырын сезбедің ғой,
Мендегі бара жатыр өзгеріп ой...
Табарсың мүмкін басқа бақытыңды,
Жігітке көп қарайтын кездерің ғой.

МҰҚАҒАЛИМЕН СЫРЛАСУ

О, Мұқа! Мен өзіңе сөз арнадым,
Құлашымды кеңірек соза алмадым.
Топырыштар жүлдегер болды қазір,
Көз көрген соң оларға төзе алмадым.
Кедейлік жібермеді етегімнен,
Оза алмадым, бәйгеден оза алмадым.

Қостанайды көзіңмен көріп кетші,
Көңіліңнің шуағын төгіп кетші.
Дүниеге соншалық адал едім,
Ең болмаса батаңды беріп кетші.
Аруағыңа риза боп отырайын,
Бір көрінші, о, Мұқа! Келіп кетші.



АҚЫНДЫҚ ТІЛЕК

Аспаннан жұлдыз болып ағып келем,
Абайлап жан-жағымды бағып келем.
Неғып келем, құдай-ау, неғып келем,
Кәдімгі ракета боп жанып келем.
Сонда да мен тіледім қолым жайып,
Қасиетті Қостанайдың топырағында,
Бір ауыз туса екен деп бақытты өлең.



АҚАҢ ТОЙЫНА

Тойыңызға қуанып жүр ел күнде,
Қуанғаннан аспанға ұштым мен мүлде.
Туғаныңа жүз жиырма бес жыл толып,
Туған жерге сәлем бере келдің бе?

Жатыр бәрі құдіретіңе табынып,
Әсем ән мен тәтті күйлер ағылып,
Тойыңызға дайындалып ел жатыр,
Сізді сонша қалған екен сағынып.

Қиын-қыстау кезеңдегі кешегі,
Өзің едің қазағымның көсемі.
Парасатты жүзіңізді бір көрсем,
Төбем көкке жетпес еді-ау, бес елі.

Атыңызды қорқып жүрдік атамай,
Сол кездегі заңның сонша қаталы-ай!
Туған елдің бақытына жаралған,
Жан едің-ау, қайран менің Ахам-ай!

Халық әркез ұмытпайды асылын,
Қуанғаннан теңіз болып тасыдым.
Бақыт сыйлап, тәуелсіздік әкелген,
Сенде жаса, жиырмасыншы ғасырым!

Азаттықтың ақ таңындай атып ең,
Сәл ертерек кеткеніңе өкінем.
Бір кісідей қорғап едің еліңді,
Білек емес жүрегіңнің отымен.

Қалай тұрам тойыңызға төкпей жыр,
Жан-жағымнан қуаныштар кетпей жүр.

ЗАМАНАУИ СИНТЕЗ: ӘРІ АҚЫН, ӘРІ АУДИТОР АРЫСТАНБЕКОВ ТӨЛЕНДІ АҒАМЫЗ ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ

Кез келген жерде, елде, ілімде, саясатта, т.б. алаңдарда Ұлы алыптар туады. Тарихта мұның мысалдары көптеп кездеседі.

Еуразия континентінде Байқал мен Балқанның ортасында орналасқан Ұлы далада қазақ халқы да көне заманнан бері өмір сүріп келеді. Ұлан-байтақ еліміздің Күнгеі мен Теріскейінде, Батысы мен Шығысында халықтың пассионарлық дамуына әсер ететін қасиетті жерлері аз емес. Ондай жерлердің болуы ұлтымыздың жанашырлары, лидерлері және бәсекеге қабілетті элитаның пайда болуына тікелей ықпал етті. Бұл географиялық немесе ұлттық кодтың бір белгісі, өлшемі ретінде саналатын дүние.

Әлбетте, осындай қасиетті жерлердің қатарында, өзіне тән ұлттық және географиялық ерекшеліктері бар аумақтардың бірі — киелі Торғай мен Қостанай өңірі.

Өңірде ұлттық мораль мен ұлттық рух болғаннан және сақталғаннан Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, т.б. сияқты тұлғалардың өмірге келуі заңды құбылыс. Одан кейін Ғафу Қайрыбеков және менің әкем Сырбай Мәуленов бастаған тұлғалар ерекше болды.

Олардан кейінгі тұлғалар (ақындар мен жазушылар) қатарына жерлесіміз, кезінде Ғафу Қайрыбеков пен Сырбай Мәуленовпен Торғай өңірі мен Бестау маңында ауылдас және дәмдес болған тұлға Арыстанбеков Төленді.

Төленді ағамыз 500ден астам өлеңнің авторы,

өмірінің 36 жылында Қостанай және Торғай облыстарында ауыл шаруашылық мекемелерінде бас экономист, бас бухгалтер қызметтерін атқарды.

1996 жылы тәуелсіз «Қостанай-Факторинг» аудиторлық фирмасын ұйымдастырып, Қазақстан Республикасы Аудиторлар палатасының толық мүшесі.

Төленді Арыстанбекұлы талантты ақын еді. Жас кезінде есеп-қисап саласында жұмыс болғандықтан, өлең жазуға уақыты жеткілікті бола қоймады.

Шығармалары облыстық, республикалық бапасөз беттерінде жарық көріп тұрды. Кезінде аудандық, облыстық ақындар айтысына қатысты, жүлдегер атанды.

Сайып келгенде, заманауи синтез байқалады: әрі ақын, әрі аудитор Арыстанбеков Төленді ағамыз осындай тұлға болған. Төленді ағамыздың еңбектері мен мұраларын тану жолында жаңа зерттеу керек.

Мәуленов Қасым,

Қазақстан Республикасы Жазушылар одағының мүшесі, Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, Индиана университеті (АҚШ) заң мектебі Фулбрайт бағдарламасының стипендиаты, заң ғылымының докторы, профессор,

ТӨЛЕНДІ АРЫСТАНБЕКОВ АУДИТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ПЕН ПОЭЗИЯНЫ ҰШТАСТЫРҒАН ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ АҚЫНЫ

Төленді Арыстанбеков 1961 жылы Қостанай ауыл шаруашылығы техникумын, одан кейін Алматы халық шаруашылығы институтын тәмәмдап, «экономист-бухгалтер» мамандығын алды. Шамамен 40 жылдай бас экономист, бас бухгалтер қызметтерін атқарды.

Қазақстан тәуелсіздігін алғасын Аудиторлық институты қалыптасып, жеке заңнамалық актілер қабылдана бастады. Ұлтымыздың алғашқы аудиторлары да 1995-1996 жылдары пайда болды. Сол алғашқы аудиторлардың бірі болып, үздік емтихан тапсырғандардың арасынан Төленді Арыстанбеков ағамыз болғаны әлі есімде. Жасына қарамай, аудит емтиханын өте үздік тапсырып шыққанына куә болғамын.

1996 жылы тәуелсіз «Қостанай-Факторинг» аудиторлық фирмасын ұйымдастырып, Қазақстан Республикасы Аудиторлар палатасының толық мүшесі болды.

Аудит әлемдік тәжірибеде кеңінен қолданылады. Мұндай тәуелсіз қаржылық бақылаудың негізгі алғы шарты аудиттелетін субъектінің, уәкілетті органдардың және аудиторлық ұйымның өкілдік ететін мемлекеттің бухгалтерлік есеп пен есеп берудің сенімділігін қамтамасыз етуге өзара мүдделілігі болып табылады.

Айта кету керек, Тәуелсіздік жылдары мыңдаған аудиторлар лицензия алып, еліміздің барлық ау-

мағында қызмет етуде. Дегенмен, аудиторлардың ішінде ақын болған жалғыз тұлға - Арыстанбеков Төленді ағамыз. Ол 500 ден астам өлеңнің авторы.

Сайып келгенде, Төленді Арыстанбеков аудиторлық қызмет пен поэзияны ұштастырған қазақтың тұңғыш ақыны. Төленді ағамыздың еңбектері мен мұралары еш ұмытылмайды. Ағамыздың адал аудиторлық қызметі біздің есімізде мәңгі сақталады. Оның елеулі еңбектері Қазақстан Республикасы Аудиторлар палатасының құнды тарихында ерекше орын алады.

Кошкимбаев Сапар Хайсаханұлы,
Қазақстан Республикасы Аудиторлар палатасының
президенті, Сертификатталған бухгалтерлер мен
аудиторлардың Еуразиялық кеңесінің (ESSBA)
төрағасы, Республиканың еңбек сіңірген қайраткері



АСЫЛ АҒА АРЫСТАНБЕКОВ ТӨЛЕНДІНІ ЕСКЕ АЛҒАНДА

Алғаш сол кездегі облыстық «Коммунизм таңы», аудандық «Социалистік ауыл» газеттерінен өлеңдерін оқып тұратынмын. 1960 жылдары алғаш Төкеңді Торғайда көрдім. Орта мектепті бітіргендерге арналған жиын болып жатыр екен. Кішігірім той Ы. Алтынсарин атындағы орта мектептің ауласында өтті. Үстінде қара костюм-шалбары бар, сұңғақ бойлы бозбала өлең оқыды. Қазір қандай өлең оқығаны есімде жоқ, мектеп ұстаздары жайында болуы керек. Өзі ақын, өзі озат оқушы, өзі келбетті, сымбатты жігітке қызыға қарадым. Менің де өлең жаза бастаған кезім, Бестау кеңшарында (Аралкөлде) оқитынмын. Онда Төкеңнің туыстары тұрады, газеттен жылқышы Нұрымға арнаған өлеңін оқығаным бар.

Кейін Төленді ағамыз Жанкелдин ауданы кеңшарында бас есепші болып қызмет атқарды. Бестау орта мектебін бітіргеннен кейін «Шилі» сегіз жылдық мектебінде аға пионервожатый әрі екінші сынып жетекшісі болдым. Бұл 1963 жылы еді. Бір жыл қызмет істеп, қаражат жинап, 1964 жылы С.М. Киров атындағы (Қазіргі әл-Фараби атында) университеттің журналистика факультетіне оқуға бардым. Төленді ағай да осы оқу орнына, журналистика факультетіне оқуға барыпты. Екеуміз де Алла қолдап емтиханнан сүрінбей өттік. Бір жыл бір жатақханада, бір бөлмеде тұрдық. Төкең өте жақсы оқыды, бірақ бір жылдан кейін университетке келмей қойды. Кейін білдім, балалы-шағалы болған кезі екен, тұрмыс жағдайы көтермеген болуы керек... Тағы да сол бас есепшілік қызметін жалғастырды... Біздің Шилі

кеңшарында да бас есепші болды, ол кезде университетті бітіріп, қызмет істеп жүргенмін. Ауылға келген сайын шұрқырасып табысып, шақырған үйлерде бірге болатынбыз. Мен Алматыдамын, Төкең Алматыға жиі келетін, келсе, біздің үйге түсіп, мәре-сәре боп, ресторандататын едік. Суретке түсетінбіз. Мына төмендегі суреттер соның куәсі.



1997 жылы Қостанайға көшіп келіп, А. Байтұрсынұлы атындағы университеттің журналистика факультетінде қызмет істедім. Төкең де, 1999 жылдары болуы керек, Қостанайға қоныс аударды. Аға-інілік қарым-қатынасымыз тағы да жалғаса түсті.



Төкең ақын еді. Алайда оған көп көңіл бөлмеді. Өзінің жан-жүрегінің қалауымен ғана жазып, жылдарының басын қосып, кітап шығаруды ойламаған сияқты. Өйткені мен «Жалын» баспасында поэзия редакциясында он жылдам астам меңгерушілік қызмет атқарып жүргенде де бірде-бір рет өлең



жинағы жайында сөз қозғаған емес. Тіпті, Төкең екеуміз поэзия жайында сөз қозғап, әңгіме-дүкен құрмаппыз.

Ақын едің асқар тау, Төленді аға,
Не болады мен бүгін берген баға?!
Жан едің ғой жанашыр, жаның ғажап,
Бала едім ғой өзіңді көрген дана.

Үміттендің қиында, үгілмедің.
Бүгежектеп, бүлініп бүгілмедің.
Аға дедім алғаусыз сеніп Сізге,
Тек ізгілік жасадың, інім дедің.

Өшпесі анық жазылған жырларыңның,
Солмасы анық бау-бақша, гүл-бағыңның!
Бау-бақшаң да, ағасы, гүл-бағың да
Ұлдарың ед, қамы еді ұлдарыңның.

Шындық еді іздерің, жүгінерің,
Ойға жүйрік, жұмыста үздік едің.
Мақтан маған болды атпал азаматтар —
Тартқан Сізге ұлдарың-інілерім.

Дәм-тұз таттым қолынан қосағыңның,
Әрі інің де, бірі болдым достарыңның!
Шаңырағы биікте ұл-қызыңның,
Отын үрлеп келеді ошағыңның!

Көз алдымда қимылың, барлық ісің,
Сен мен үшін, Төкем-ау, жан нұрысың!
Топырағың торқа болсын, бол иманды,
Осы өлеңім — өзіңе сағынышым!

Серікбай Оспанұлы

АЛҒЫСТАН ЖАРАТЫЛҒАН АҚЫН

Ақындық тылсым әлем! Ақын жүрегінен ақ қағазға тамған кәусар жыр — ізгілік пен тазалықтың, күнәсіз дүнианың елшісіндей пәк, уақыттың емшісіндей киелі! Мейірімсіз ғасырдың қатыгез пендесі көбейген кірленген қоғамда көңіл неден байыз таппақ, жан жабырқауы қалай тарқамақ, жүрек немен нұрланбақ?! Бірінші — иман нұрынан, екінші - ақын жырынан дер едім. Мөлдір өлең де жан дүниенді тазартқандай, сыр бөлісіп шемен-шерінді азайтқандай әсерлі күйге бөлейді. Алла Тағаланың адам бойына дарытқан ақындық таланты қалай болғанда да бұлттан шыққан күндей болып сәуле төгетінін Төленді Арыстанбеков атамыздың ғибратты өмір жолымен танысқанымда көзім жетті. Аудиторлық салада, есеп-қисаптың қайнаған ортасында жүрген ақын:

«Жырлар менің кеудеме сыймай жатыр,

Қайдасыңдар ақынды ұғатындар» -

деп мұң шағады. Қалыбы ақын, рухы — нұр, жан қалауы — жыр. Егер маған ақын досым Әбдіғани Бәзілханұлы өмірдерегін айтпай тұрып, өлеңдерін ғана оқытса, таза шығармашылықпен айналысқан талантты ақынның бейнесін елестетерім шүбәсіз еді... Өйткені, ой орамдары тың, шеберлігі ерек, ұйқастары балталасаң бұзылмайтын хас дарынның қолтаңбасы дараланып тұр екен. Талантты ақын қалам тербейтін уақытын жақсы экономист, білікті бухгалтер мамандығына айырбастап жіберген. Сонда да өзінің ішкі ақындық қуатына сенген ақын «Ғасырымның биігінде мен тұрмын» деп асқақтығын сыр ғылып өтеді.

Әсіресе Төленді ақынның «Жел» деген өлеңіндегі:

Жастығына арудың қарамастан,
Басынан орамалын ала қашқан
Жел, сенің ойнақ салған кездеріңде,
Таңырқап тас төбеңнен қарады аспан, -
деген шумағындағы теңеу, образ, көркемдік ай-
шықтар ғажап өрілген.

Ақын туған жер, туған еліне деген перзенттік махаббатын жырмен жеткізеді. Тобылды ерекше жақсы көреді.

«Қосылып толқындармен араласып,
Мен де бір толқының боп кетсем деймін» -
деп толғанады. Туған жеріндегі әдебиет толқынның бірі болып өмір-өзеннің ағысымен, уақыт арнасымен келешекке жыры жетеріне кәміл сенеді.

Ақын жырлары әралуан тақырыпты қамтыған. Тіпті арнау өлеңдерінің өзіне де талғам биігінен қарайды. Төленді Арыстанбековтың:

«Құдай маған тілегімді берсе екен,
Қазақпын деп жүрегімді көрсетем»
деген дидактикалық сарындағы нақыл іспеттес өлеңі терме ғылып айтуға сұранып-ақ тұр! Кеңдік десең, даламды көрсетем — деп басталып, «көрсетем» сөзі қайталанып отыратын жыры жас ұрпақ бойына тәлім-тәрбие, ұлттық рухтың дәнін егетін туынды екен.

Әйгілі Нұрхан ақыннан бата алып, қазақ поэзиясының классиктері Сырбай, Ғафулармен сырлас, бауыр болған шайыр ұлтымыздың ақсүйек, атамұра өнері айтысқа да қатысып олжа салғанынан хабардар болдым.

Төленді атамыз бір өлеңінде «Алғыстан жаратылған шығармын» деген екен. Алғыстан жаратылып,

халқының алғысына бөленген ақынның ұрпағы да ел
батасымен көктеп, жұрттың алғысымен Бақ-Құтқа
кенеле берсін!

Серік Әкірамұлы Қалиев,
ақын, баспагер,
Халықаралық «Алаш»
әдеби сыйлығының
иегері.



ТОБЫЛДЫҢ ТАРЛАН ТОРЫСЫ (Төленді Арыстанбековке)

Қостанай туған мекені,
Астыққа толған қамбасы.
Маңдайда бағы бес елі,
Байтұрсыновтың жалғасы.

Тамыры терең бойлаған,
Тарихы ғажап елде өскен.
Бетінде сағым ойнаған,
Толқынды көлдер тербеткен.

Өлеңі қандай өзекті,
Сөздері көсем көшелі.
Айтысқа берсе кезекті,
«Адуынды еді»-деседі.

Көкжиегіне арманның,
Қыранша қанат қағатын.
Тереңдігіне таңғалдым,
Теңіздей толқып ағатын.

Бұғалтыр, Аудит кәсібін,
Талантыменен таңдаған.
Еңбекпен тауып нәсібін,
Адалдық жолын жалғаған.

Суреттен көрдім ажарын,
Сүйегі неткен ірі еді.
Ақындықтың да ғажабын-
Азабын тартқан біледі...

Ұшырса өлең-аққұсын,
Шаттанған шалқар ел іші.
Қуырған сөздің апшысын,
Тобылдың тарлан торысы!

Әбдіғани Бәзілханұлы,
ақын, сазгер,
ҚР Мәдениет саласының үздігі



МАЗМҰНЫ

Төленді Арыстанбеков туралы.....	5
Қыздай сұлу Қостанай, жаса мәңгі!.....	8
Қостанай, бір өзіңе махаббатым.....	10
Өтті күндер аялаған тәтті арман.....	11
Көңіліміз кең болсын.....	13
Бойымда күш пен қуат бар.....	14
Сен арқылы мен өткенді таныдым.....	15
Жеңіс күніне	16
Талай сыр жатыр ашылмай.....	18
Алпыс үш жасым менің, қош келдің бе?	21
Алпыс жас, арман едің, мен аңсаған.....	22
Тойда бүгін қыздар көп.....	25
Ару май!.....	26
Қостанайдың аққу ару қызына	28
Мұхтар аға	30
Жаңа жылға тілек.....	32
Ахаңа.....	33
Тазалық туралы	35
Бұл қазақта ырым көп	37
Тәуелсіздік жыры.....	39
Аналарға арнау.....	41
Пушкинмен сырласу	43
Тойға шашу	45
Жел	46
«Қостанай таңы» газетіне	47
Туған ел Ақмола	49
Қарлығаштың ұясы	50
Жаңа жылым, арман күнім!.....	52
Алғыс туралы ой.....	54
Төрт құбылам бар менің	56
Жігіт сыры	58

Көршілерім.....	60
Армысың, Алакөлім - ақ айдыным!.....	61
Асыл жарым.....	63
Туған жерім - Қарабалығым.....	65
Жамбыл баба тойына.....	66
Елу жасың құтты болсын, бауырым.....	68
Ата заң.....	69
Тобылдың толқындары-ай!.....	70
Қос жүйрік қосу еді бір арманым.....	71
Еңбектің арқасы деп ұғам бәрін.....	72
Сағынышты жыр арнадым.....	73
Туған жер ең биікке шығарғаным.....	76
Нұржан ата.....	77
Қостанайдың көшесі.....	80
Бажалар.....	82
Ауылға бәрін көрсетем.....	84
Жол туралы ойлар.....	85
Ару қыз сені күтіп тұр-ау бағың.....	87
Мәңгі жаса қазағым.....	88
Қарындас, қарай берші!.....	90
Мұқағалимен сырласу.....	91
Ақындық тілек.....	92
Ақаң тойына.....	93
Заманауи синтез: әрі ақын, әрі аудитор Арыстанбеков	
Төленді ағамыз туралы бірер сөз.....	94
Төленді Арыстанбеков аудиторлық қызмет пен	
поэзияны ұштастырған қазақтың тұңғыш ақыны...	96
Асыл аға Арыстанбеков Төлендіні еске алғанда ..	98
Алғыстан жаратылған ақын.....	101
Тобылдың тарлан торысы.....	104

ISBN 978-601-7560-24-9



Төленді Арыстанбеков

ТОБЫЛДЫҢ ТОЛҚЫНДАРЫ

(Өлеңдер)

Редакторы Серік Әкірамұлы

Корректоры Әли Қасымбаев

Беттеуші Адал Қалибек

Басуға 26.05.2023 ж. қол қойылды.

Қалыбы 84x108¹/₁₆. Басылымы офсеттік.

Қаріп түрі «Academy.kz».

Баспа табағы – 6.75. Таралымы 2000 дана.



ТӨПЕНДІ
АРЫСТАНБЕКОВ

ТОБЫЛДЫҢ
ТОЛҚЫНДАРЫ